

Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 наурызда № 10531 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 28.03.2025 № 141-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-4-баптың 1-тармағының 1) тармақшасына, 3-тармақтың 1), 2), 6), 8), 9), 10), 12), 13) тармақшаларына, 19-1-баптың 4, 5, 7-тармақтарына және "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 275) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 12.12.2024 № 456 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

В. Школьник

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 20 ақпандағы
№ 106 бұйрығымен бекітілген

Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 12.12.2024 № 456 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 275) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр энергиясын бірыңғай сатып алушының кезінде электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының басқа елдердің энергия өндіруші ұйымдарынан және электр энергиясын жеткізушілерден (өндірушілерден) электр энергиясын сатып алу, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының көтерме сауда нарығының ішкі субъектілеріне және басқа елдердің тұтынушыларына сату, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағаларын айқындау, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының көтерме сауда нарығы тұтынушылары үшін тарифтерді саралау арқылы атаулы қолдауды жүзеге асыру, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының шартты тұтынушылар мен гибриді топ әкімшісінің, инвестициялық тарифті алушылардың, үкіметаралық тарифті алушылардың электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу бағалары мен көлемдерін есептеу, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға арналған шығындарды бөлу, электр энергиясының шекті тарифтерге сағаттық мөлшерлемелерін, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын бірыңғай сатып алушысына сатып алынған электр энергиясына ақы төлеу тәртібі мен мерзімдерін, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын

энергия көздерін пайдаланатын және энергия өндіруші ұйымдардан сатып алынған электр энергиясына ақы төлеу тәртібі мен мерзімдерін айқындау, цифрлық майнерлер үшін электр энергиясына квотаны айқындау тетігін, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын беруге және электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу туралы шарттар жасасу жағдайлары мен тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) атаулы қолдау алушылардың тізімі – табиғи монополия саласындағы уәкілетті орган қалыптастыратын тізім, оған электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тұтынушыларды энергиямен жабдықтау мақсатында ғана электр энергиясын сатып алуға жеке бағалар қолданылатын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері енгізіледі;

2) базалық баға – цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын субъектілерді, инвестициялық тарифті алушыларды, үкіметаралық тарифті алушыларды, жасыл энергия тұтынушыларды, атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілген субъектілерді және шартты тұтынушыларды қоспағанда, электр энергиясын бірыңғай сатып алушы тиісті сағатта электр энергиясын көтерме сауда нарығы субъектілеріне сататын баға.

3) гибриді топ - электр энергиясын өндіру кезінде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың жиынтық үлесі кемінде жиырма бес пайыз болатын, бір энергия торабында орналасқан және уәкілетті орган бекіткен тәртіппен гибриді топтар тізбесіне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тобы;

4) гибриді топ әкімшісі – гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын осы гибриді топ ішінде тұтынушыларға және (немесе) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында кейіннен өткізу (сату) мақсатында алуды (сатып алуды) жүзеге асыратын, гибриді топқа кіретін, сондай-ақ гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар мен электр энергиясын тұтынушылар үшін теңгерім провайдері болып табылатын заңды тұлға;

5) гибриді топтың тұтынушысы - электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі болып табылатын және гибриді топтардың тізбесіне енгізілген тұтынушы;

6) жасыл тариф — Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 118 бұйрығымен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10622 болып тіркелген) сәйкес электр энергиясын

бірыңғай сатып алушы белгілейтін, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сатуына арналған тариф;

7) жасыл энергияны тұтынушы — электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес айқындалатын жасыл тарифтер бойынша жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын сатып алатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі;

8) жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу - қаржы орталығы (бұдан әрі – есеп айырысу-қаржы орталығы) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган айқындаған, 2023 жылғы 1 шілдеге дейін қолданыста болған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілер өндіретін электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының тарапы болып табылатын заңды тұлға;

9) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындар – жасыл энергия тұтынушыларға тиесілі шығындарды шегергенде, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының шығындары, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын тиісті шығындар, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында жұмсалған шығындар (кірістерді шегергенде), резервтік қорды қалыптастыруға арналған шығындар және оның қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындар;

10) майнингтік баға – цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын тиісті сағатқа сатып алатын цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша айқындалған баға;

11) мәміле бағасы – энергия өндіруші ұйымдарға арналған орталықтандырылған сауда-саттық барысында айқындалған электр энергиясының бағасы, ол бағамен электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі тиісті сағатқа электр энергиясының бірыңғай сатып алушысына электр энергиясын сатады;

12) теңгерімдеуші нарық жүйесі – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің сатып алуға өтінімдер және сатуға өнімдер беруіне, электр энергиясының өндіру-тұтынудың тәуліктің кестесін қалыптастыруға, цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарының көлемін айқындауға, энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарының көлемін айқындауға, бекітілген тәуліктік

кестеге жүйелік оператормен келісілген түзетулер енгізуге, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты мәндерін қалыптастыруға, электр энергиясының сағат сайынғы теңгерімсіздіктерін есептеуге, электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатудың сағат сайынғы бағаларын, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алудың (сатудың) және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудың (сатудың) сағат сайынғы бағаларын есептеуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

13) уәкілетті орган – электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

14) ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызмет – жүйелік оператор электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне және басқа мемлекеттердің ұйымдарына "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) айқындалған тәртіппен көрсетілетін қызмет;

15) ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі көрсетілетін қызмет - Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес электр энергиясын беру саласына жататын, осы Заңда айқындалған тәртіппен жүйелік оператор электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне көрсететін, ұлттық электр желісіне техникалық қызмет көрсету мен оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет;

16) цифрлық майнерлерге арналған электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы – цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері қатысатын орталықтандырылған сауда операторы жүргізетін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы;

17) шартты тұтынушы – өзімен бірге адамдардың бір тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алатын көтерме тұтынушы, "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалатын өнеркәсіптік кешен және білікті тұтынушы;

18) шартты тұтынушылардың тізбесі – "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 489 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17923 болып тіркелген) бекітілген Тұлғалар топтарының тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес уәкілетті орган қалыптастыратын және жаңартып отыратын және электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жіберілетін заңды тұлғалардың тізбесі.

19) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы – электр энергиясының жоспарлы көлемдерін орталықтандырылған сатып алуды және орталықтандырылған сатуды

жүзеге асыратын, уәкілетті орган айқындайтын, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

20) электр энергиясын сатып алу-сату шарты – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері арасында электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алуға (сатуға) жасалатын шарт;

21) электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тәуліктік графигі - электр энергиясын орталықсыздандырылған сатып алу-сату және электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарықтарындағы көтерме сауда нарығына қатысушылар жасасқан электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі шарттарға сәйкес күнтізбелік әрбір тәулікте электр энергиясын өндіру мен тұтынудың сағат сайынғы шамаларын регламенттейтін, жүйелік оператор бекіткен құжат;

22) электр энергиясының бөлшек сауда нарығы – жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен электр энергиясының бөлшек сауда нарығы субъектілері арасындағы электрмен жабдықтау шарттары негізінде жұмыс істейтін өзара қатынастар жүйесі;

23) электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілері – электр энергиясын тұтынушылар және жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілмеген е энергия беруші ұйымдар;

24) электр энергиясының көтерме сауда нарығы – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасындағы электр энергиясын сатып алу – сату шарттары негізінде жұмыс істейтін электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алу-сатумен байланысты қатынастар жүйесі;

25) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері – энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар, жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлер және гибридті топтар әкімшілері, сондай-ақ жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы және электр энергиясын бірыңғай сатып алушы;

26) электр энергиясының орталықтандырылған саудасы – осы Заңға сәйкес энергия өндіруші ұйымдар мен бірыңғай сатып алушы арасында, сондай-ақ бірыңғай сатып алушы мен электрондық сауда жүйесіндегі цифрлық майнерлер арасында жүзеге асырылатын электр энергиясын сатып алу-сату мәмілелері;

27) энергия өндіруші ұйым – Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес осындай болып

табылатын электр энергиясының нетто-тұтынушыларын қоспағанда, өз мұқтаждары және (немесе) өткізуі үшін электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын ұйым;

28) энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы – орталықтандырылған сауда операторы жүргізетін электр энергиясын сатуды жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері қатысатын электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы;

29) инвестициялық тариф – Заңда көзделген тәртіппен айқындалған, іске асырылуы 2023 жылғы 1 шілдеге дейін басталған инвестициялық жобалар бойынша инвестициялық міндеттемелерді жабу үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға арналған сағаттық тариф;"

30) инвестициялық тарифті алушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі мен осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген инвестициялық тарифті алушылар тізбесіне енгізілген электр энергиясын көтерме тұтынушы (өнеркәсіптік объект);

31) үкіметаралық тариф – осы Қағидаларда көзделген тәртіппен айқындалған, іске асырылуы 2023 жылғы 1 шілдеге дейін басталған жобалар бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға арналған сағаттық тариф;

32) үкіметаралық тарифті алушы – осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен үкіметаралық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын және уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жіберілетін үкіметаралық тарифті алушылардың тізбесіне енгізілген электр энергиясын көтерме тұтынушы.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 09.06.2025 № 230-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.02.2026 № 87-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерінің арасындағы электр энергиясын сатып алу-сату шарттары негізінде жұмыс істейтін, электр энергиясының жоспарлы көлемін сатып алу-сатуға байланысты қатынастар жүйесін білдіреді.

Электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілері электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатуды жүзеге асырмайды.

Жиілікті және қуат ағындарын автоматты реттеу (бұдан әрі – ЖҚАР) жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін электр энергиясын жинақтау жүйесі бар жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу

бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы электр энергиясының көтерме сауда нарығында жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алу-сату кезінде осы электр энергиясын жинақтау жүйесін қолданбайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 28.03.2025 № 141-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Энергия өндіруші ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар және қайталама энергия ресурстарын пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне электр энергиясын сатуды жүзеге асырады.

Бұл ретте энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілеріне электр энергиясын оның электр желілері орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) шегінде ғана сатуды жүзеге асырады.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар Заңның 16-бабының 1-тармағына сәйкес жиынтық рұқсат етілген қуаты бес мегаваттан кем электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілеріне электр энергиясының бөлшек сауда нарығында электр энергиясын сатуды жүзеге асырады.

Жиынтық рұқсат етілген қуаты бес мегаваттан кем бөлігінде талап мыналарға қолданылмайды:

1) Қазақстан Республикасының резиденті емес ұйымдар;

2) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалатын тіршілікті қамтамасыз ету объектілері, оның ішінде мемлекеттік-коммуналдық кәсіпорындар;

3) Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері жасаған электр энергиясын сатып алу-сатудың барлық шарттары бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығында сатып алынған (сатылған) электр энергиясының көлемі осы Қағидалардың 97 және 99-тармақтарымен көзделген түзетулерді ескере отырып жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын сатып алу-сатудың жоспарлы көлемі болып табылады.

6. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатуды электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері жүзеге асырады. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны қоспағанда, жүйелік оператор электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізуді осы Қағидалардың 127-тармағына сәйкес тиісті шарттар жасасу арқылы жүзеге асырады.

7. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша және (немесе) Тұлғалар тобының тізілімінде олармен бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан және (немесе) олармен бір гибриді топқа кіретін гибриді топ әкімшісінен және (немесе) жаңартылатын көздерден ғана сатып алуды жүзеге асыруға және олармен тиісті электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасасады.

Бұл ретте жүйелік оператор "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарты негізінде дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан ұлттық электр желісінің технологиялық және өндірістік мұқтаждарына Заңның 10-бабы 2-2-тармағында көрсетілген жағдайларда электр энергиясының жоспарлы көлемін сатып алады.

Жүйелік оператор Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінен (бұдан әрі – ҚР БЭЖ) оқшауланған жұмыс салдарынан электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан ұлттық электр желісінің технологиялық және өндірістік мұқтаждарына электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырудың техникалық мүмкіндігі болмаған кезде электр энергиясын өткізетін электр энергиясын жеткізушілерден Қазақстан Республикасының аумағына тікелей шетелдік өндірушінің атынан Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден электр энергиясын сатып алады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электр энергиясын жиынтық белгіленген қуаты 10 мегаваттан аспайтын, өздерінің қызмет көрсету аймағында орналасқан, 2023 жылғы 1 шілдеге дейін пайдалануға берілген және 2023 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу

мен сатудың ұзақ мерзімді шарттары болмаған гидроэлектр станцияларынан осы Заңның 12-1-бабына сәйкес белгіленген электр энергиясына шекті тариф бойынша басым тәртіппен сатып алады.

Бұл ретте электр энергиясын осы гидроэлектр станцияларынан 2023 жылғы 1 шілдеге белгіленген қуат деңгейінде сатып алуға жол беріледі.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар өз тұтынушыларын электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан және (немесе) нетто-тұтынушылардан энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясының жетіспейтін көлемін сатып алуды жүзеге асырады.

Бұл ретте энергиямен жабдықтаушы ұйымдар тұтынушыларға электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан және (немесе) ҚР БЭЖ-ден оқшауланған жұмыс нәтижесінде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын жеткізуді жүзеге асырудың техникалық мүмкіндігі болмаған кезде тұтынушыларды энергиямен жабдықтау мақсатында шетелдік өндірушінің атынан электр энергиясын Қазақстан Республикасының аумағынан тікелей электр энергиясын өткізетін электр энергиясын жеткізушілерден Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден сатып алады.

9. Заңның 13-бабының 7-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, энергия беруші ұйымдар, тұтынушылар, оның ішінде инвестициялық тарифті алушылар, үкіметаралық тарифті алушылар және электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын цифрлық майнерлер жүйелік оператормен Ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметті көрсетуге шарт жасасады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден не электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан не электр энергиясын сатып алудың бірыңғай сатып алушысымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты жоқ жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан сатып алуды жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуды цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 137 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10550 болып тіркелген) бекітілген Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларына (бұдан әрі – Электр энергиясымен

орталықтандырылған сауда-саттықты ұйымдастыру қағидалары) сәйкес жүргізілетін цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарында Осы Қағидаларға сәйкес жүйелік оператор айқындайтын электр энергиясының тиісті квотасы шегінде жүзеге асырады.

11. Гибридті топтардың әкімшісі мен шартты тұтынушылар жаңартылатын көздерден электр энергиясын сатып алуға электр энергиясының бірыңғай сатып алушысының шығыны мен жасыл энергияны тұтынушыларға электр энергиясын бірыңғай сатып алушы сатқан электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері болып табылатын электр энергиясының көлемдерін, жаңартылатын көздерден сатып алынатын, электр энергиясының көлемдерін, олардың құрамына кіретін жаңартылатын көздер жүргізген электр энергиясының көлемдерін, цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің жоспарлы тұтыну көлемдерін, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің жоспарлы тұтыну көлемдерін қоспағанда, республиканың жоспарлы тұтынушының жалпы көлеміндегі олардың электр энергиясын жоспарлы тұтыну үлесін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 164 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10662 болып тіркелген) Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидалары айқындаған (бұдан әрі – Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидалары) тәртіппен электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын бірыңғай сатып алушы есептейтін бағалар мен көлемдер бойынша электр энергиясын сатып алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 480 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16241 болып тіркелген) үлгілік нысандар бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергияның жаңартылатын көздерді пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясын сатып алу-сатудың тиісті шарттарын жасасады.

11-1. Инвестициялық тарифті алушылар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 606 қаулысымен бекітілген Инвестициялық тарифті қалыптастыру және ұсыну мерзімдерін белгілеу қағидаларында (бұдан әрі – Инвестициялық тариф қағидалары) айқындалған тәртіппен электр энергиясын бірыңғай сатып алушы есептейтін инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алады.

Ескерту. Қағидалар 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-2. Үкіметаралық тарифті алушылар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен электр энергиясын бірыңғай сатып алушы есептейтін үкіметаралық тариф бойынша электр энергиясын сатып алады.

Ескерту. Қағидалар 11-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Жасыл энергияны тұтынушылар Заңның 19-1-бабы, 5-тармағы 3) тармақшасының екінші абзацына сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын бірыңғай сатып алушы есептейтін жасыл тарифтер бойынша жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын қысқа мерзімді (бір жыл) немесе ұзақ мерзімді (бір жылдан астам) негізде сатып алуға құқылы Қолдау тарифін айқындау қағидаларында айқындалған, сондай-ақ осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті шарт жасасады.

13. Электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы электр энергиясының энергия беруші ұйымдары электр энергиясын беру бойынша қызмет көрсетеді, электр энергиясының технологиялық шығынын және шаруашылық қажеттіліктерін өтеу үшін электр энергиясын сатып алады.

14. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында өз қызметін жүзеге асыру кезінде энергия беруші ұйымдар:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 210 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10899 болып тіркелген) электр энергиясының белгіленген сенімділік нормаларына және сапа стандарттарына сәйкес электр энергиясын беруді жүзеге асырады;

2) электр желісіне қол жеткізу үшін тең жағдайларды қамтамасыз етеді;

3) электр желісін пайдалану әзірлігінде ұстауды және оған техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

4) электр желісінің тұрақты және сенімді жұмысын, жедел басқару (жүргізу) аймағына кіретін энергетикалық объектілердегі авариялардың алдын алу, окшаулау және жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді;

5) жүйелік оператормен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы және техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес берілетін электр энергиясының сапасын қамтамасыз етеді;

6) келісілген есепке алу нүктелерінде электр энергиясын коммерциялық есепке алуды жүзеге асырады;

7) ҚР БЭЖ-де электр энергиясын өндіру (тұтыну) режимдерін жедел-диспетчерлік басқару процесінде жүйелік оператормен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

15. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында өз қызметін жүзеге асыру кезінде энергиямен жабдықтаушы ұйымдар жүйелік операторға және (немесе) өңірлік электр желілік компанияға қызмет көрсетілетін тұтынушылардың электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

16. Энергиямен жабдықтаушы ұйымда электр энергиясын сатып алуға қолданыстағы шарттар болмаған кезде бөлшек тұтынушылар Заңда белгіленген тәртіппен электр энергиясын кепілді жеткізушіге беруге тиіс.

17. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында қызметті жүзеге асыру кезінде электр энергиясын тұтынушылар:

1) электр энергиясын сатып алу-сату шартында айқындалған электр тұтыну режимдерін сақтайды;

2) тұтынушылардың меншігіндегі электр және энергия қондырғыларының және коммерциялық есепке алу аспаптарының тиісті техникалық жай-күйін қолдайды, "Электр энергетикасы туралы" Заңның 19-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес олардың техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарды орындайды;

3) жасалған шарттарға сәйкес белгіленген мерзімдерде коммерциялық есепке алу аспаптарын өлшеу деректерін ұсынады;

4) жүйелік операторға және өңірлік электр желілік компанияға электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді;

5) диспетчерлік технологиялық басқару құралдарының, оның ішінде жүйелік оператордың және өңірлік электр желілік компанияның диспетчерлік орталықтарымен байланыс құралдарының, жүйелік оператордың және өңірлік электр желілік компанияның жедел-ақпараттық кешенімен біріздендірілген диспетчерлік басқарудың жедел-ақпараттық кешенінің болуын немесе жедел-диспетчерлік өзара іс-қимыл жөніндегі өкілеттіктерді басқа диспетчерлік орталыққа беру туралы құжаттың болуын қамтамасыз етеді;

6) толық құқылы диспетчерлік орталыққа қосылған телеметриялық ақпаратты жинау және беру жүйесінің болуын қамтамасыз етеді.

18. Барлық энергия өндіруші ұйымдар желіге жіберілетін электр энергиясын тек электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатуды жүзеге асырады, осы қағидаларға 6, 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша және (немесе) олармен бір адамдар тобына кіретін тұтынушыларға, не олармен бір гибриді топқа кіретін гибриді топтың әкімшісіне тиісті шарттар жасасады және Заңның 13-бабының 3-1-тармағына сәйкес олармен электр энергиясын сатып алу-сатудың тиісті шарттарын жасасады.

Олармен бірге тұлғалардың бір тобына кіретін тұтынушыларға электр энергиясын өткізетін, энергия өндіруші ұйымдар және олармен бірге бір гибриді топқа кіретін, гибриді топтың әкімшісі Заңның 13-бабы 3-1-тармағының екінші абзацына сәйкес

электр энергиясын адамдар тобынан және гибриді топтан тыс сатуды электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға ғана жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте электр энергиясын өз мұқтажы үшін одан әрі сатусыз сатып алатын заңды тұлға тұтынушы болып танылады.

Бұл ретте энергия өндіруші ұйымның осы тармақтың бірінші және екінші абзацтарына сәйкес өткізуіне мәлімделмеген электр энергиясының көлемі арттыруға теңгерімдеуге қатысуға өтінім беру жолымен өткізілуге жатпайды.

Дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым Заңның 10-бабы 2-2-тармағында және 13-бабы 16-тармағында көрсетілген жағдайларда электр энергиясын сатуды жүзеге асырады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Заңның 13-бабы 3-2-тармағына сәйкес энергия өндіруші ұйымға мынадай тыйым салынады:

1) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны және (немесе) онымен бірге адамдардың бір тобына кіретін тұтынушыларды, не онымен бір гибриді топқа кіретін, гибриді топтың әкімшісін қоспағанда, электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілеріне, сондай-ақ электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне электр энергиясын өткізу (сату);

2) келісілген хаттамалар бойынша сағаттық есепке алу деректерін жүйелік оператордың электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің орталық дерекқорына беруді қамтамасыз ететін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі болмаған кезде электр энергиясын өткізу (сату);

3) Заңның 9-4-бабы 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, электр энергиясын цифрлық майнерлерге өткізу (сату);

4) егер Заңның 13-бабы 16-тармағында өзгеше көзделмесе, электр энергиясын басқа энергия өндіруші ұйымнан сатып алу (сатып алу).

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Жүйелік операторға қуатты автоматты реттеу бойынша қызметтер көрсететін энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатудан шарттық көлемінің (реттеу диапазонының) шамасына босатылады.

21. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу – сатудың ұзақ мерзімді шарты бар барлық жаңартылатын көздер,

жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес электр энергиясын тек электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатуды жүзеге асырады.

22. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында өз қызметін жүзеге асыру процесінде энергия өндіруші ұйымдар:

1) жүйелік оператормен бірлесіп ҚР БЭЖ-де стандартты жиілікті реттеуді және қолдауды жүзеге асырады;

2) диспетчерлік технологиялық басқару құралдарының, оның ішінде жүйелік оператордың диспетчерлік орталықтарымен байланыс құралдарының, Жүйелік оператордың жедел-ақпараттық кешенімен біріздендірілген диспетчерлік басқарудың жедел-ақпараттық кешенінің болуын қамтамасыз етеді;

3) жүйелік операторға және өңірлік электр желілік компанияға электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

23. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электр энергиясын өз энергия жүйесінен уақытша оқшаулап жұмыс істейтін шектес елдердің тұтынушыларына (авариялық жағдайлар туындаған кезде және (немесе) шектес елдердің энергия жүйесінде жөндеу жұмыстары жүргізілген жағдайларда) жеткізуді (экспорттауды) жүзеге асыра алады.

24. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) электр энергиясы көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдарға, тұтынушыларға, шартты тұтынушыларға, цифрлық кеншілерге, сондай-ақ гибридті топтың тұтынушыларына сату үшін энергия өндіруші ұйымдардан және (немесе) гибридті топтың әкімшісінен бір сағатқа және (немесе) тәулікке және (немесе) айға және (немесе) тоқсанға және (немесе) жылға (жылдарға) электр энергиясын сатып алады;

2) электр энергиясын энергия беруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын электр энергиясын тұтынушыларға, шартты тұтынушыларға, гибридті топтың тұтынушыларына, сондай-ақ электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарында цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға электр энергиясына шекті тарифтерден жоғары сатады;

3) жауапкершілікті беру шарттары шеңберінде жаңартылатын энергия көздерінен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алады;

4) жауапкершілікті беру шарты шеңберінде теңгерімдеуші электр энергиясын жаңартылатын көздерге сатады;

5) уәкілетті орган бекіткен үлгі нысан бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясының жоспарлы көлемін сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар жаңартылатын көздермен және жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамаға сәйкес 2023 жылғы 1 шілдеге дейін қаржы-есеп айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату

шарттары бар жаңартылатын көздермен жауапкершілікті беру шартын жасасады және Заңға сәйкес электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында олардың теңгерімінің провайдері болады;

6) осы Қағидаларға 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша электр энергиясын сатып алу-сатудың тиісті шарттарын жасасады;

7) электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығына қатысу шартын жасасады;

8) осы Қағидалардың 2-тарауының 5-параграфына сәйкес және осы жеткізушілердің (өндірушілердің) бағалары бойынша басқа елдердің электр энергиясын жеткізушілерінен (өндірушілерінен) электр энергиясын сатып алуды (импорттауды) жүзеге асырады;

9) осы Қағидалардың 3-тарауының 3-параграфында айқындалған тәртіппен электр энергиясын басқа елдердің тұтынушыларына сатуды (экспорттауды) жүзеге асырады;

10) тарифтерді кезең-кезеңмен өзгертуді жүзеге асыру мүмкіндігі мақсатында осы Қағидалардың 8-тарауына сәйкес тарифтерді саралау арқылы көтерме сауда нарығының тұтынушылары үшін атаулы қолдауды жүзеге асырады;

11) теңгерімдеуші электр энергиясын және теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шартын жасасады;

12) осы Қағидаларға 5-қосымшада айқындалған тәртіпке сәйкес электр энергиясын сатуға болжамды бағаларды айқындайды;

13) энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын беруге шарттар жасасады (қажет болған жағдайда) және осы Қағидалардың 6-тарауында айқындалған тәртіппен электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге ақы төлейді;

14) жүйелік оператормен импортталатын электр энергиясы желісіне жіберуді техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасасады (қажет болған жағдайда);

15) қолдау тарифін айқындау қағидаларына сәйкес айқындалатын жасыл тарифтер бойынша жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын жасыл энергияны тұтынушыға қысқа мерзімді (бір жыл) немесе ұзақ мерзімді (бір жылдан астам) негізде сатады;

16) Заңның 19-1-бабы 5-тармағының 20) тармақшасында көзделген жағдайда уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен инвестициялық тарифті алушыдан алынған қаражатты электр энергиясын бірыңғай сатып алушының базалық бағаларын төмендетуге жібереді.

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесін жабу үшін электр энергиясын сатып алуды электр энергиясын бірыңғай сатып алушы Жүйелік оператордың

техникалық сараптамасын ескере отырып, мынадай тәртіппен (басымдылықта) жүзеге асырады:

1) 2023 жылғы 1 шілдеден кейін электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар жаңартылатын көздерде, Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін осы шарттардың бағалары бойынша электр энергиясын желіге жоспарлы түрде босатуды толық көлемде пайдалануды қолдау туралы заңнамасына сәйкес;

1 шілдеге дейін жасалған жаңартылатын көздерде 2023 жылы -қаржы-есеп айырысу орталығымен Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамасына сәйкес электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарты есептік күнтізбелік айдың қорытындылары бойынша осы шарттардың бағалары бойынша электр энергиясын желіге нақты босатуды толық көлемде жүзеге асырады;

2) бірыңғай сатып алушымен Заңның 15-3-бабы 3-1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызмет көлемін айқындау қағидаларына сәйкес есептелген көлем шегінде электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет шартын жасасқан қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтарында электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар үшін бірыңғай сатып алушы жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен жасасатын электр қуатын, құрамына Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 688 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12510 болып тіркелген) бекітілген электр энергиясына тиісті шекті тарифтер бойынша осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын тиісті сағаттық мөлшерлемелерге көбейтілген жылу электр орталықтары кіреді;

3) электр энергиясы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес есептелген және Нарық кеңесінің оң қорытындысын алған көлем шегінде қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын адамдардың тиісті тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарынан басқа, осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын электр энергиясына тиісті шекті тарифтер бойынша электр энергиясына тиісті сағаттық мөлшерлемелерге көбейтілген жылу электр орталықтарында;

4) Электр қуаты нарығында Заңның 15-4 және 15-8-баптарына сәйкес, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттар жасалған энергия өндіруші ұйымдарында электр энергиясының тиісті сағаттық тарифтерге көбейтілген электр энергиясына тиісті шекті тарифтер бойынша, қуаты осы шарттардың мәні болып табылатын генерациялайтын қондырғылар желісіне электр энергиясын жоспарлы босату көлемінде осы Қағидаларға сәйкес көрсетілген шарттардың қолданылуы ішінде айқындалатын мөлшерлемелер;

5) электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесін жабу үшін қажетті қалған электр энергиясының жоспарлы көлемін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында электр энергиясын бірыңғай сатып алушы сатып алады.

Егер осы тармақта көрсетілген электр энергиясының жоспарлы көлемі электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесін жабу үшін жеткіліксіз болған жағдайда электр энергиясын бірыңғай сатып алушы электр энергиясының жоспарлы импортын жүзеге асырады.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген электр энергиясын басым сатып алу көлемінің есебін энергия өндіруші ұйым нарық кеңесінің оң қорытындысын алғаннан кейін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жібереді.

26. Заңның 19-1-бабы 5-тармағының 5) тармақшасына сәйкес электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілеріне электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатуға тыйым салынады.

114. Құрамына қуаты Заңның 15-4 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың нысанасы болып табылатын генерациялайтын қондырғылар кіретін энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін тәуліктің нақты сағаты үшін сағаттық мөлшерлеме мынадай формула бойынша айқындалады (электр энергиясын сату көлемі үшін, оларды құруды осы генерациялайтын қондырғылар есебінен жүзеге асыру жоспарланып отыр):

$$C_{\text{сағ}} = \frac{W_{\text{min (рм)}}}{W_{\text{сағ(рм)}}} + 3,0 * \left(1 - \frac{W_{\text{min (рм)}}}{W_{\text{сағ(рм)}}} \right)$$

$C_{\text{сағ}}$

– тәуліктің белгілі бір сағаты үшін сағаттық мөлшерлеме;

$W_{\text{сағ(рм)}}$

– Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың нысанасы болып табылатын электр энергиясының дайындығын қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы электр қуаты нарығында бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді

шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі Заңның 15-4 және 15-8-баптарына сәйкес кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді) электр энергиясының дайындығын қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы тәуліктің осы сағатында бірыңғай электр энергиясын сатып алушыға сатқан электр энергиясын генерациялайтын қондырғылар желісіне жіберу көлемі;

$W_{min(pм)}$.

– осы тәулікке электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі, электр қуаты нарығында электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйым болып табылатын, заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді) Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың нысанасы болып табылатын электр энергиясын генерациялайтын қондырғылар желісіне жіберудің ең аз сағаттық көлемі.

Осы тармақта көрсетілген сағаттық мөлшерлеме Заңның 15-4 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың нысанасы болып табылатын генерациялайтын қондырғылардың электр энергиясы бөлігінде ғана қолданылады (нөлге тең емес).

Сағаттық мөлшерлеме

$(C_{сағ})$

кезінде нөлге тең

$W_{сағ(pм)} = 0$ МВт (нөлге тең).

2027 жылғы 1 шілдеге дейін осы тармаққа сәйкес айқындалатын сағаттық мөлшерлеменің мәні 1 (бірлікке) теңестіріледі.

Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/к (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

115. Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығына қатысатын көтерме сауда нарығының субъектісі үшін тәуліктің нақты сағаты үшін сағаттық мөлшерлеме () былайша айқындалады:

$C_{сағ}$

= 1,0 – тәулік сағаты үшін, сағат 00:01-ден 04:00-ге дейін;

$C_{сағ}$

=1,15 – тәулік сағаты үшін, сағат 04:01-ден 08:00-ге дейін;

$C_{\text{сағ}}$

= 1,30 – тәулік сағаты үшін, сағат 08:01-ден 15:00-ге дейін;

$C_{\text{сағ}}$

= 1,45 – тәулік сағаты үшін, сағат 15:01-ден 18:00-ге дейін;

$C_{\text{сағ}}$

= 1,6 – тәулік сағаты үшін, сағат 18:01-ден 21:00-ге дейін;

$C_{\text{сағ}}$

=1,45 – тәулік сағаты үшін, сағат 21:01-ден 23:00-ге дейін;

$C_{\text{сағ}}$

= 1,3 – тәулік сағаты үшін, сағат 23:01-ден 00:00-ге дейін.

2027 жылғы 1 шілдеге дейін осы тармаққа сәйкес айқындалатын сағаттық мөлшерлеменің мәні 1 (бірлікке) теңестіріледі.

Ескерту. 115-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

8-тарау. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының көтерме сауда нарығының тұтынушылары үшін тарифтерді саралау арқылы атаулы қолдауды жүзеге асыруы

116. Атаулы қолдау алушылардың тізімін табиғи монополия саласындағы уәкілетті орган қалыптастырады және мыналарды:

1) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің атауын;

2) табиғи монополия саласындағы уәкілетті органмен келісілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің қолданыстағы шекті бағасының құрылымында ескерілген электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу бағасын қамтиды.

Атаулы қолдауды алушылардың тізіміне осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес айқындалатын электр энергиясын сатып алуға есептік бағасы табиғи монополия саласындағы уәкілетті орган келіскен, оның қолданыстағы шекті бағасының құрылымында ескерілген электр энергиясының сатып алу бағасынан жоғары электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі енгізіледі;

3) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес 12 (он екі) айға тең, өзектендіру мүмкіндігімен қолданудың (іс-қимылдың) басталу және аяқталу күндерін көрсете отырып, бағаны қолдану (іс-қимыл) кезеңін қамтиды.

Энергия беруші ұйымдармен энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыру себебі бойынша бөлшек электрмен жабдықтау

қызметтерінің көлемі өзгерген кезде табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган көлеміне талдау жүргізеді және электр энергиясын сатып алуға арналған баға орташа өлшенген баға деңгейінде айқындалады.

117. Атаулы қолдау алушылардың тізімін табиғи монополия саласындағы уәкілетті орган 6 (алты) айда бір рет өзектендіреді және оны табиғи монополия саласындағы уәкілетті орган өзгерістер қолданылатын есептік кезең (күнтізбелік ай) басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жібереді.

118. Атаулы қолдау алушылардың тізімі электр энергиясын бірыңғай сатып алушының интернет-ресурсында жарияланады.

9-тарау. Теңгерімдеуші нарық жүйесі

119. Теңгерімдеуші нарық жүйесіне қол жеткізу үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шартын, сондай-ақ қосылу шартын жасасады.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы көтерме сауда нарығы субъектілерімен теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату шарты және теріс теңгерімсіздіктер, сондай-ақ қосылу шарты жасалған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде теңгерімдеуші нарық жүйесіне қол жеткізуді ұсынады.

Теңгерімдеуші нарық жүйесінің жұмысын қолдауды жүйелік оператор жүзеге асырады.

Теңгерімдеуші нарық жүйесінде жоспарлы-профилактикалық жұмыстар негізінен демалыс күндері түнгі уақытта жүргізіледі. Бұл ретте жүйелік оператор алдын ала (жоспарлы-профилактикалық жұмыстар басталғанға дейін 8 сағаттан кешіктірмей) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін осы жұмыстар туралы хабардар етеді.

Теңгерімдеуші нарық жүйесінде жоспарлы-профилактикалық жұмыстарды жүргізу кезінде көтеруге (төмендетуге) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдер берілмейді, түзетілмейді, күші жойылмайды және белсендірілмейді, осы уақытта сатып алуға және сатуға жоспарлы өтінімдерді беру және өзектендіру де қол жетімді емес.

120. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері теңгерімдеуші нарық жүйесінде беретін сатуға арналған өтінімдерге және сатып алуға арналған өтінімдерге осы субъектілер оларға сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

121. Теңгерімдеуші нарық жүйесінде ай сайын, есеп айырысу кезеңінен (күнтізбелік айдан) кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, осы Қағидаларға 5-қосымшаның 2, 4, 4-1, 4-2 және 5-тармақтарына сәйкес айқындалатын алдағы есеп айырысу кезеңінің сағаттарына (әрбір сағатқа) электр энергиясын сатуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды бағасы жарияланады.

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122. Есептік кезеңнен (күнтізбелік айдан) кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей теңгерімдеуші нарық жүйесінде осы есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) сағаттарына электр энергиясын сатуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының нақты бағасы жарияланады.

123. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері үшін теңгерімдеуші нарық жүйесі, теңгерімдеуші нарық жүйесінде қолжетімсіз болған кезде:

1) электр энергиясын сатып алу көлемдерін сатып алуға өтінімдерде алдын ала төлеуді қамтамасыз етуге арналған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің енгізілген ақшалай қаражатының жеткіліктілігін тексеру жүзеге асырылмайды;

2) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерін сатып алуға арналған өтінімдер мен сатуға арналған өтінімдер электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қоюды талап етпейді;

3) жүйелік оператор сатып алуға өтінімдер мен сатуға арналған өтінімдердің (операциялық тәулікке) көлемін жүйелік оператор бекіткен ағымдағы тәулікке электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген сатып алуға арналған тиісті өтінімдер мен сатуға арналған өтінімдердің көлемдеріне теңестіреді;

4) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы қаржылық өзара есеп айырысулар электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу Қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

124. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы теңгерімдеуші нарық жүйесіндегі жүйелік операторға электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған мынадай ақпаратты:

1) электр энергиясын жоспарланып отырған сатып алу үшін алдын ала төлемді қамтамасыз етуге арналған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің ақша қаражатының қалдығы туралы ақпаратты (бұл ақпаратқа деректерді қолмен жүктеген кезде ғана электрондық цифрлық қолтаңба қойылады, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының төлем жүйесімен интеграция болған кезде электрондық цифрлық қолтаңбаға қол қою талап етілмейді);

2) электр қуаты нарығында және электр энергиясы нарығында жасалған шарттар туралы ақпаратты;

3) аукциондық бағалар мен тіркелген тарифтер бойынша ақпаратты қоса алғанда, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен жасалған шарттар туралы ақпаратты;

4) белгіленген қуаттан асып кетудің ықтимал диапазонын қоса алғанда, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың белгіленген қуаты;

5) жаңартылатын энергия көздерінің үлесін есептеу жүргізілетін шартты тұтынушылардың тізбесі;

6) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 27 шілдедегі № 345 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14155 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді орналастыру жоспарын қалыптастыру қағидаларына сәйкес уәкілетті орган қалыптастыратын, жаңартылатын энергия көздерінің үлесін есептеу жүргізілетін білікті тұтынушылардың тізбесі;

6-1) желілеріне тиісті тұтынушы қосылған энергия өндіруші ұйымды көрсете отырып, инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы тұтынушыларының тізбесі;

6-2) үкіметаралық тарифті алушылар тізбесіне енгізілген энергия өндіруші ұйымның электр энергиясына арналған барынша шекті тарифті көрсете отырып, үкіметаралық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы тұтынушыларының тізбесі;

7) энергия өндіруші ұйымдардың шекті тарифтері туралы ақпаратты;

8) қуат нарығында және электр энергиясы нарығында бірыңғай сатып алушының ұзақ мерзімді келісімшарттарының көлемі мен қолданылу мерзімі жөніндегі деректер;

9) электр энергиясын бірыңғай сатып алушының операциялық шығындары туралы ақпаратты;

10) табиғи монополия саласындағы уәкілетті органнан алынатын электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға сараланған сағаттық бағалардың мәні көрсетілген атаулы қолдау алушылардың тізімін;

11) Қазақстан Республикасынан тыс жерде сатып алынған электр энергиясының бағасы туралы ақпаратты;

12) электр энергиясын теңгерімдеуді, техникалық диспетчерлеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге бірыңғай сатып алушының шығындары туралы ақпаратты;

13) Заңның 5-бабының 70-49) тармақшасына сәйкес көзделген тәртіппен жаңартылатын энергия көздерінің үлесін есептеу жүргізілетін гибридті топтардың тізбесі;

14) жаңартылатын электр энергиясының көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға қолданылатын түзету коэффициенттері туралы, сондай-ақ осы коэффициенттер қолданылатын жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін қамтитын ақпаратты береді;

15) электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған шарттарға сәйкес қалыптастырылатын жасыл энергия тұтынушыларының тізімін.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы жоғарыда көрсетілген ақпараттың өзектілігі, дұрыстығы және толықтығы үшін жауапты болады.

Ескерту. 124-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

125. Цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын және/немесе энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын өткізу мүмкіндігінің жоқтығы туралы жүйелік оператордың атына жіберілген орталықтандырылған сауда нарығы операторының ресми хатымен расталған орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық сауда жүйесінде хабардар ету кезінде:

1) цифрлық майнерлер үшін электр энергиясымен орталықтандырылған сауда-саттық және/немесе энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясымен орталықтандырылған сауда-саттық ағымдағы операциялық тәулікте алдағы операциялық тәулікке жүргізілмейді;

2) жүйелік оператор электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесінде цифрлық майнерлерге сатуға арналған қолжетімді квоталар туралы ақпаратты жариялайды;

3) цифрлық майнерлер электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген цифрлық кеншілер үшін квоталар шегінде цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының соңғы орталықтандырылған сауда-саттықтарының көлемінде және бағалары бойынша сатып алады. Цифрлық майнерлер электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алудың жиынтық көлемі квотаның қолжетімді сағаттық көлемінен асып кеткен кезде электр энергиясын сатып алуға тиісті өтінімдер пропорционалды түрде асып кету көлеміне азаяды;

4) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы электр энергиясын басым туындауының тәуліктік кестесіне кірмейтін энергия өндіруші ұйымдардан олардың шекті тарифтері бойынша операциялық тәулікке теңгерімдеуші нарық жүйесінде берілген энергия өндіруші ұйымдардың деректерінің электр энергиясын сатуға арналған өтінімдерінде көрсетілген көлемдерде сатып алады. Басым генерацияның тәуліктік кестесіне кірмейтін энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатудың жиынтық көлемі басым генерациямен жабылмаған сұраныс көлемінен бір немесе бірнеше сағат асып кеткен жағдайда, басым генерацияның тәуліктік кестесіне кірмейтін энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын бірыңғай сатып алушының атына сатуға өтінімдерінің көлемі, пропорционалды түрде асып кету көлеміне азаяды;

5) электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесінің сағаттық көлемдерінен осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларына сәйкес айқындалған басым туындауының тәуліктік кестесіне кірмейтін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын бірыңғай сатып алушының басым туындыруының тәуліктік кестесінің сағаттық көлемдерінің сомасы және электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесінің сағаттық көлемдерінен асып кеткен кезде Жүйелік оператор өтінімдердің сағаттық көлемін азайтады энергия өндіруші ұйымдарда электр энергиясын сатуға, осы өтінімдердің іске асырылуының техникалық сараптамасын ескере отырып энергия өндіруші ұйымдардың деректерін бірыңғай сатып алушыға сатуға арналған өтінімдердің сағаттық көлеміне барабар асып кету көлемінде басымдықты генерациялаудың тәуліктік кестесіне кірмейтін;

б) электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесінің сағаттық көлемі электр энергиясын өндірудің тәуліктік кестесінің сағаттық көлемінен асып кеткен кезде Жүйелік оператор осы өтінімдердің іске асырылуының техникалық сараптамасын ескере отырып, бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға өтінімдердің сағаттық көлемін барабар төмендетеді.

126. Бірыңғай сатып алушы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша өзінің интернет-ресурсында мыналарды:

- 1) тәуліктің нақты сағаттарына арналған базалық бағаның нақты мәндерін;
- 2) тәуліктің нақты сағаттарына арналған жаңартылатын энергия көздерін қолдау тарифінің нақты мәндерін;
- 3) тәуліктің нақты сағаттарына арналған жасыл тарифтің нақты мәндерін;
- 4) тәуліктің нақты сағаттарына арналған инвестициялық тарифтің нақты мәндерін;
- 5) тәуліктің нақты сағаттарына арналған үкіметаралық тарифтің нақты мәндерін жариялайды.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-тарау. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесін қалыптастыру және оны өзектендіру тәртібі

127. Жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізу үшін тиісті заңды тұлға:

- 1) Заңның 13-бабының 7-2-тармағына сәйкес жүйелік оператормен ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт;
- 2) Заңның 13-бабының 7-1-тармағына сәйкес жүйелік оператормен ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шарт;
- 3) энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шарт (қажет болған жағдайда);

4) жүйелік оператормен электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөнінде қызметтер көрсетуге арналған шарт;

5) жүйелік оператормен электр энергиясын өндіру-тұтынуды техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт (генерациялайтын қондырғылар болған кезде, сондай-ақ импортты жүзеге асыру кезінде).

Бұл ретте, ұлттық электр желісін пайдалану жөнінде қызмет көрсетуге, ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөнінде қызметтер көрсетуге, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөнінде қызметтер көрсетуге және электр энергиясын өндіру-тұтынуды техникалық диспетчерлеу жөнінде қызметтер көрсетуге арналған шарттар мыналармен жасалады:

орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 МВт кем емес көлемде электр энергиясын тұтыну шартымен электр энергиясын тұтынушы;

энергиямен жабдықтаушы ұйыммен (Заңның 7-1-бабының талаптарына сәйкес берілген энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы болған кезде) электр энергиясын энергиямен жабдықтау жөніндегі талаптарды орындаған кезде орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 МВт-тан кем емес көлемде.

128. Жүйелік оператор тізбені оның ресми интернет-ресурсында жариялайды.

129. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесін өзектендіруді жүйелік оператор оның өзгеру фактісі бойынша жүзеге асырады.

Жүйелік оператор электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне өзгерістер енгізілгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығына электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесінен көтерме сауда нарығының енгізілген және шығарылған субъектілері туралы ақпаратты электрондық пошта арқылы жібереді.

130. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілмеген және энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен энергиямен жабдықтауға (келісімшарттық емес тұтынуға) шарттары жоқ заңды тұлғаның электр энергиясын және теңгерімдеуші электр энергиясын тұтыну фактісі анықталған кезде, желілеріне осы заңды тұлға қосылған энергия беруші ұйым немесе энергия өндіруші ұйым мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) электр энергиясын келісімшарттық емес тұтынуды болдырмау (тоқтату) қажеттілігі туралы осы заңды тұлғаның атына жазбаша хабарлама (бұдан әрі – хабарлама), сондай-ақ уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органның атына хабарламаның көшірмесін жібереді;

2) хабарлама жіберілгеннен кейін 72 сағат өткен соң электр энергиясын келісімшарттық емес тұтынуды болдырмау жөнінде шаралар қабылданбаған жағдайда осы заңды тұлғаны өз желілерінен ажыратады.

Электр энергиясының көтерме
сауда нарығын ұйымдастыру
және оның жұмыс істеуі
қағидаларына
I-қосымша
Үлгілік нысан

Бірыңғай сатып алушының электр энергиясының көтерме сауда нарығында энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, электр энергиясын тұтынушыларға, цифрлық майнерлерге, инвестициялық тариф алушыларға, үкіметаралық тарифті алушыларға электр энергиясын сату шарты

Ескерту. 1-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____	20__ жылғы № _____
(шарт жасасу орны)	

Бұдан әрі "Сатушы" деп аталатын,

_____,
(электр энергиясын бірыңғай сатып алушының толық атауын көрсету)
бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе

: _____,
атынан

(өкілеттіктердің пайда болу негізін көрсету) негізінде әрекет ететін

_____,
(лауазымы мен тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсету)
бір жағынан және бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталатын

_____,
(ұйымның толық атауын немесе дара кәсіпкердің тегін, атын, әкесінің атын көрсету)
бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі:

атынан

негізінде әрекет ететін

(өкілеттіктердің пайда болу негізін көрсету)

_____,
(лауазымын және тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсету),

екінші жағынан, бірлесіп "Тараптар", ал жеке алғанда, "Тарап" деп аталатындар:

1) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң);

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) (бұдан әрі – Көтерме сауда нарығының қағидалары) негізге ала отырып, цифрлық майнерлертөмендегілер туралы осы бірыңғай сатып алушының электр энергиясының көтерме сауда нарығында энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, электр энергиясын тұтынушыларға және цифрлық майнерлерге электр энергиясын сату шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 606 қаулысымен бекітілген Инвестициялық тарифті қалыптастыру және ұсыну мерзімдерін белгілеу қағидалары (бұдан әрі – Инвестициялық тариф қағидалары);

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) есептік кезең – Шартта тиісті айдың бірінші күні сағат 00:00-ден бастап, соңғы күні сағат 24:00-ге дейінгі бір күнтізбелік айға тең уақыт кезеңі ретінде айқындалған, нәтижелері бойынша электр энергиясының көлемдерін сатып алу-сату есептеулері жүргізілетін кезең;

2) жүйелік оператор – орталықтандырылған оралымды-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ ұлттық электр желісіне техникалық қызмет көрсету мен оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын және оның дамуын қамтамасыз ететін ұлттық компания;

3) операциялық тәуліктер – электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесі іске асырылатын, ортаеуропалық уақытпен сағат 00.00-де басталатын және сағат 24.00-де аяқталатын күнтізбелік тәуліктер;

4) теңгерімдеуші нарық жүйесі – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің сатып алуға өтінімдер мен сатуға өтінімдер беруге, электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін қалыптастыруға, цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттық көлемін айқындауға, энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттық көлемін айқындауға, жүйелік оператормен келісілген бекітілген тәуліктік кестеге түзетулер енгізуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру-тұтынуының нақты мәндерін қалыптастыру, электр энергиясының сағаттық теңгерімсіздіктерін есептеу,

электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатудың сағаттық бағаларын, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алудың (сатудың) және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудың (сатудың) сағаттық бағаларын есептеу;

5) цифрлық майнер – цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы;

6) электр энергиясының көтерме сауда нарығы – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері арасындағы электр энергиясын сатып алу- сату шарттары негізінде жұмыс істейтін, электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алу-сатуға байланысты қатынастар жүйесі;

7) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері – энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар, жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлер және гибриді топтардың әкімшілері, сондай-ақ жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы және электр энергиясын бірыңғай сатып алушы;

8) электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигі – жүйелік оператор бекіткен, көтерме нарыққа қатысушылар электр энергиясын орталықтандырылмаған сатып алу-сату және электр энергиясын орталықтандырылған сауда нарықтарында көтерме сауда нарығына қатысушылар жасаған электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі шарттарға сәйкес әр күнтізбелік тәулікке электр энергиясын өндіру мен тұтынудың сағаттық шамаларын регламенттейтін құжат;

9) инвестициялық тарифті алушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Көтерме сауда нарығы қағидаларында айқындалған тәртіппен инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген инвестициялық тарифті алушылардың тізбесіне енгізілген электр энергиясын көтерме тұтынушы (өнеркәсіптік объект).

10) үкіметаралық тарифті алушы – Көтерме сауда нарығы қағидаларында айқындалған тәртіппен үкіметаралық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын және уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген үкіметаралық тарифті алушылардың тізбесіне енгізілген электр энергиясын көтерме тұтынушы.

Осы Шартта пайдаланылған өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Шарттың мәні

2. Осы Шартқа сәйкес Сатып алушы Сатушыдан техникалық сараптамасын ескере отырып, жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясының жоспарлы көлемін Көтерме нарық қағидаларына сәйкес айқындалатын бағалардасатып алады.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3. Сатушы:

1) Көтерме сауда нарығының қағидаларына сәйкес Сатып алушыға электр энергиясының жоспарлы көлемін сатуды жүзеге асыруға;

2) ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне дейін Тараптар қол қойған қорларды тарапқа босатуға арналған жүкқұжат негізінде шот-фактура жазып беруге міндетті. Тарапқа арналған қорларды босатуға арналған жүкқұжат Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес есептелген, тиісті есептік кезең үшін электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік кестелері мен бағалар негізінде сағатқабөле отырып, теңгерімдеуші нарық жүйесінде көрсетілген, Тарапқа арналған қорларды босатуға арналған осы жүкқұжаттың толық жазылуына сәйкес есептік кезеңдегі жиынтық көлем мен есептік бағасын көрсете отырып ресімделеді.

3) Сатып алушы тарапқа арналған қорларды босатуға арналған жүкқұжатқа және осы Тарапқа арналған қорларды босатуға арналған жүкқұжаттың толық жазылуына қол қоймаған кезде Сатушы шот-фактураларды, Көтерме сауда нарығының қағидаларына сәйкес тиісті есептік кезең үшін электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік кестесін қоюы үшін негіз бола деп есептеуге;

4) жарты жылда кемінде бір рет өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруге;

5) Сатып алушыға өзінің атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және осы Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы дереу хабардар етуге;

6) электр энергетикасы саласындағы заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

4. Сатып алушы:

1) Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес Сатушыдан электр энергиясының жоспарлы көлемін сатып алуға;

2) Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес жүйелік оператор бекітетін электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізу үшін сатып алуға өтінімді ақшалай қаражатпен қамтамасыз етуге;

3) күн сайын, сағат 08.00-ге дейін (Астана қаласының уақыты бойынша) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесіне сатып алуға өтінім енгізуге және Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес оған электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қоюғаміндетті.

Бұл ретте цифрлық майнерлер сатып алуға өтінімдерді Көтерме сауда нарығының қағидаларына сәйкес орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық сауда жүйесінде береді;

4) жыл сайын, Сатушыға 1 қазанға дейін айлар бойынша бөле отырып, алдағы жылға арналған электр энергиясын тұтынудың болжамды көлемі туралы ақпаратты жіберуге;

5) тарапқа қорларды босатуға арналған жүкқұжатқа және осы тарапқа қорларды босатуға арналған жүкқұжаттың толық жазылуына қол қойылмаған кезде осы құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сатушыға өзінің қарсылығын баяндай отырып, жазбаша өтініш беруге;

6) Сатушыға есептік кезеңнен кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, осы Шарттың 7-тармағына сәйкес жоспарлы электр энергиясын сатып алу көлемі үшін ақы төлеуге;

7) жарты жылда кемінде бір рет өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруге;

8) сатушыға өзінің атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және осы Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы дереу хабардар етуге ;

9) электр энергетикасы саласындағы заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

5. Сатушы:

1) Сатып алушыдан осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2) осы Шартты жасасуға, орындауға және бұзуға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге;

3) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сатып алушының өзге де міндеттерін орындауды талап етуге құқылы.

6. Сатып алушы:

1) Сатушыдан осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2) осы Шартты жасасуға, орындауға және бұзуға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге;

3) Осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сатушының өзге де міндеттерін орындауды талап етуге құқылы.

4. Тараптардың өзара есеп айырысулары

7. Есептік кезең аяқталғаннан кейін Сатып алушы Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес сатып алынған электр энергиясына нақты төлем жасайды.

8. Сатып алушының Сатушының атына осы кезеңдегі сағаттарда сатып алынған электр энергиясы үшін есептік кезеңдегі нақты төлем көлемі Сатып алушының есептік кезеңдегі тиісті алдын ала төлемінің мәнінен асып кеткен жағдайда онда бұл айырманы Сатып алушы есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың соңына дейін ақша қаражаты түрінде Сатушының есеп айырысу банктік шотына енгізеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген айырмаға ақы төленбеген жағдайда есепті айдан кейінгі айдың соңына дейін осы айырманың сомасы қолда бар алдын ала төлем есебінен өтеледі.

Егер осы кезеңде Сатушының атына сатып алынған электр энергиясы үшін Сатып алушының есеп айырысу кезеңіндегі нақты төлем көлемі Сатып алушының есеп айырысу кезеңіндегі тиісті алдын ала төлемінің мәнінен аз болған жағдайда, онда бұл айырма сатып алушының қалауы бойынша оған қайтарылады немесе келесі тәуліктерге оның алдын ала төлемінің құрамдас бөлігі ретінде пайдаланылатын осы есептік кезең үшін Сатып алушының артық төлемі ретінде қабылданады.

Осы тармақтың шарттары тұтынушыларды электрмен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алатын энергиямен жабдықтаушы ұйым болып табылатын Сатып алушыға қолданылмайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 09.06.2025 № 230-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Сатып алушы нақты төлемді Сатушы ұсынған қорларды тарапқа босатуға арналған жүккұжат, осы қорларды тарапқа босатуға арналған жүккұжаттың толық жазылуы және тиісті есептік кезеңнің әрбір сағатына нақты базалық бағалар бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығында сатып алынған электр энергиясының көлеміне арналған тиісті шот-фактура негізінде жүргізеді.

10. Цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын Сатып алушы үшін нақты төлем осы субъектінің осы сағатына арналған майнингтік баға бойынша жүргізіледі.

11. Атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілген Сатып алушы үшін тұтынушыларды энергиямен жабдықтау мақсатында ғана сатып алынған электр энергиясының көлемі үшін нақты төлем атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілген, осы субъект үшін осы сағатта көрсетілген электр энергиясын сатып алу бағасы бойынша жүргізіледі.

11-1. Инвестициялық тарифті алушылар тізбесіне енгізілген Сатып алушы үшін электр энергиясының көлемі үшін нақты төлем Инвестициялық тариф қағидаларына сәйкес есептелген осы субъектінің тиісті есептік кезеңінің әрбір сағатына нақты инвестициялық тариф бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 1-қосымша 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-2. Үкіметаралық тарифті алушылар тізбесіне енгізілген Сатып алушы үшін электр энергиясының көлемі үшін нақты төлем Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес есептелген осы субъектінің тиісті есептік кезеңінің әрбір сағатына нақты үкіметаралық тариф бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 1-қосымша 11-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Тараптардың жауапкершілігі

12. Осы Шартта көзделген төлемдерді кешіктіргені үшін Сатып алушы Сатушының талабы бойынша оған мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімі өткен соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір бөлігі) мөлшерінде, бірақ осы Шарттың 7-тармағына сәйкес мерзімі өткен соманың 10 %-нан (он пайызынан) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

13. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

14. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

15. Осы Шарттың талаптары Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгертілуі мүмкін және жазбаша нысанда ресімделеді.

6. Дауларды шешу

16. Осы Шартқа жататын Тараптар арасында даулар туындаған жағдайда Тараптар дауды келіссөздер жолымен реттеугекүш салады.

17. Осы Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге тиіс.

18. Даулы жағдайларда Тараптар арасындағы өзара есеп айырысу үшін жүйелік оператор ұсынатын Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімі түпкілікті құжат болып табылады.

19. Егер бір Тараптың екінші Тарапқа осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша негізделген талаптары болса, онда мұндай Тарап шағымның мәнін жазбаша түрде баяндайды, оған екінші Тарап шағымды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде дәлелді жауап беруге не шағымды жіберген Тараппен ескертулерді жою мерзімін келісуге тиіс.

20. Тараптардың әрқайсысы осы Шартты жасасуға, жарамдылығына, орындауға, өзгертуге, тоқтата тұруға және бұзуға байланысты дауды шешу, сондай-ақ осы Шартқа байланысты өзге де дауларды шешу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

21. Осы Шартты жасасуға, жарамдылығына, орындауға, өзгертуге және бұзуға байланысты барлық даулар, сондай-ақ осы Шарт бойынша өзге де мәселелер Сатушының орналасқан жері бойынша сотта қаралуға тиіс.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл (сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту)

22. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл ісіндегі ынтымақтастық бойынша жауапкершілікті Тараптар өздеріне алады.

23. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, оның ішінде олардың үлестес тұлғалары, жқмыскерлері немесе делдалдары:

1) осы Шарттың мәні бойынша жеке пайда алу мақсатында тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемеуге, төлеуге ұсынбауға және төлеуге рұқсат бермеуге;

2) сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтарды, сол сияқты құқыққа қарсы игіліктер мен артықшылықтарды алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасамауға;

3) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес олардың өкілеттіктері мен міндеттерінен туындайтын шараларды қабылдауға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған барлық жағдайлар туралы мәліметтерді дереу хабарлауға міндетті.

24. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

8. Форс-мажорлық мән-жайлар

25. Егер форс-мажорлық мән-жайлардың нәтижесі болып табылса, Тараптар осы Шарттың талаптарын орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.

26. Осы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін, Тараптардың бақылауына бағынбайтын, олардың қате есептелуіне немесе немқұрайлылығына байланысты емес және күтпеген сипаттағы оқиға Форс-мажорлық мән-жай деп танылады.

27. Форс-мажорлық мән-жайлардың әсеріне ұшыраған Тарап форс-мажорлық мән-жайлардың сипатын, туындау себептерін және олардың болжамды ұзақтығын көрсете отырып, олар туындаған кезден бастап күнтізбелік бұл туралы екінші Тарапқа 10 (он) күн ішінде негіздеуші құжаттарды ұсына отырып хабарлауға міндетті.

9. Шарттың қолданылу мерзімі

28. Осы Шарт 20__ жылдан бастап күшіне енеді және 20 _____ жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болады, , ал өзара есеп айырысу бөлігінде Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданыста болады.

29. Егер Тараптардың ешқайсысы осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын осы Шарттың тоқтатылғаны туралы мәлімдемесе, осы Шарттың қолданылу мерзімі 1 (бір) күнтізбелік жылға ұзартылады.

10. Шартты өзгерту және тоқтату шарттары

30. Осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шарт Тараптармен келісу бойынша осы Шартқа қосымша келісім жасасу жолымен өзгертіледі.

31. Сатушы мен Сатып алушы арасында жасалған осы Шарт мынадай:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Сатып алушы таратылған және Сатып алушының Сатушы алдында берешегі болмаған;

2) мынадай барлық шарттар орындалған: Сатып алушы электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуды тоқтатқан және Сатып алушыны жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесінен тиісті түрде алып тастаған және Сатып алушының Сатушы алдында берешегі болмаған жағдайларда тоқтатылады.

11. Қорытынды ережелер

32. Осы Шарт қазақ және орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар, қағаз жеткізгіште екі данада не электрондық түрде жасалады.

33. Осы Шарт Астана қаласында жасалды және Сатушы жасалған шарттар тізілімінде тіркеді.

12. Тараптардың деректемелері мен қолдары

Сатушы	Сатып алушы
_____	_____
_____ (толық атауы)	_____ (толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты)
Заңды мекенжайы: _____	Заңды мекенжайы: _____
Нақты мекенжайы: _____	Нақты мекенжайы: _____
Телефон/факс: _____	Телефон/факс: _____
_____	_____
Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____	Бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі: _____
_____	_____
Банктік сәйкестендіру коды: _____	Банктік сәйкестендіру коды: _____
_____	_____
Жеке сәйкестендіру коды: _____	Жеке сәйкестендіру коды: _____
_____	_____
_____	_____
_____ (банктің атауы)	_____ (банктің атауы)
_____	_____

(лауазымы)

(лауазымы)

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

м.о. (бар болса)

м.о. (бар болса)

Электр энергиясының көтерме
сауда нарығын ұйымдастыру
және оның жұмыс істеуі
қағидаларына
2-қосымша
Үлгілік нысан

Бірыңғай сатып алушының жасыл энергияны тұтынушыларға жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын сату шарты

№ _____

_____ 20__ жылғы "___" _____ (шарт жасасу орны)

Бұдан әрі "Сатып алушы" деп

аталатын, _____,

(электр энергиясын бірыңғай сатып алушының толық атауын көрсету)

бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

атынан _____

(лауазымы мен тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсету

негізінде әрекет ететін _____,

(өкілеттіктердің пайда болу негізін көрсету)

бір жағынан

және _____,

(ұйымның толық атауын көрсету)

бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____,

атынан _____,

(лауазымы мен тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсету

негізінде әрекет ететін _____,

(өкілеттіктердің пайда болу негізін көрсету)

бұдан әрі "Сатушы" деп аталатын, екінші жағынан, бірлесіп

"Тараптар", ал жеке түрде "Тарап" деп аталатын:

1) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң);

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының көтерме сауда нарығын

ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) (бұдан әрі – Көтерме сауда нарығының қағидалары);

3) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 118 бұйрығымен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10622 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қолдауға арналған тарифтерді айқындау қағидалары) негізге ала отырып, төмендегілер туралы осы Бірыңғай сатып алушының жасыл энергияны тұтынушыларға жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын сату шартын (бұдан әрі – шарт) жасасты.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) есептік кезең – Шартта тиісті айдың бірінші күні сағат 00:00-ден бастап соңғы күні сағат 24:00-ге дейінгі бір күнтізбелік айға тең уақыт кезеңі ретінде айқындалған, нәтижелері бойынша электр энергиясының көлемдерін сатып алу-сату есептеулері жүргізілетін кезең;

2) жүйелік оператор – орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыратын, басқа мемлекеттердің энергетикалық жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде теңгерімді қамтамасыз ететін, жүйелік қызметтерді көрсететін және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосалқы қызметтерді сатып алатын ұлттық компания. электр энергиясының көтерме сауда нарығын, сондай-ақ ұлттық электр желісін пайдалану әзірлігін техникалық қамтамасыз ету және қолдау және оның дамуын қамтамасыз ететін ұлттық компания;

3) тәуліктік кестесін операциялық тәуліктер – электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесі іске асырылатын, ортаеуропалық уақытпен сағат 00.00-де басталатын және сағат 24.00-де аяқталатын күнтізбелік тәуліктер;

2) Заңның 9-4-бабы 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, өндірілетін электр энергиясының барлық мәлімделген көлемін тек Сатып алушыға сатуға;

3) Көтерме сауда нарығының қағидаларына сәйкес айқындалатын сағаттық мөлшерлемелерді есепке ала отырып, электр энергиясын электр энергиясына арналған шекті тарифтен аспайтын бағалар бойынша сатуға;

4) ай сайын, есептік кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне дейін Тараптар қол қойған қорларды тарапқа босатуға арналған жүкқұжат негізінде шот-фактура жазып беруге міндетті. Тарапқа арналған қорларды босатуға арналған жүкқұжат тиісті есептік кезең үшін электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік кестелері және Көтерме сауда нарығының қағидаларына сәйкес сағат бойынша бөле отырып, тарапқа арналған қорларды босатуға арналған жүкқұжаттың толық жазылуына сәйкес есептік кезең үшін жиынтық көлемді және есептік бағаны көрсете отырып есептелген бағалар негізінде ресімделеді. ;

5) жартыжылдықта кемінде 1 рет өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізуге;

6) жыл сайын бірінші қазанға қарай айлар бойынша бөле отырып, алдағы жылға электр энергиясын өндірудің, желіде босатудың болжамды көлемі туралы ақпарат жіберуге;

7) осы Шарт бұзылған кезде өз бастамасы бойынша сатып алушыны бұзудың болжамды күнінен бір ай бұрын жазбаша хабардар етуге;

8) Сатып алушыға өзінің атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және осы Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы дереу хабардар етуге;

9) объектіні коммерциялық пайдалану басталғанға дейін өз объектісінде электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің (бұдан әрі – ЭКЕАЖ) жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті. ЭКЕАЖ-де жүйелік оператордың өңірлік диспетчерлік орталықтарына деректерді қашықтықтан беру мүмкіндігі болуға тиіс;

10) Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес электр энергиясын өндірудің тәуліктік кестелерінің сақталуын қамтамасыз етуге ;

11) Сатып алушыны Сатушының бірігуі, банкроттығы немесе таратылуы туралы дереу хабардар етуге;

12) электр энергетикасы саласындағы заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

6. Сатып алушы:

1) Заңның 19-1-бабының 4-тармағына сәйкес тәртіппен Жүйелік оператордың техникалық сараптамасын ескере отырып, электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесін жабу үшін электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыру міндетті. Осы тармақшада көрсетілген электр энергиясын сатып алу Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

2) тарапқа қорларды босатуға арналған жүкқұжатқа қол қойылмаған және осы Тарапқа қорларды босатуға арналған жүкқұжаттың толық жазылуы кезінде осы құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сатушыға өзінің қарсылығын баяндай отырып, жазбаша өтініш беуге;

3) Сатушыға осы Шарттың 9 және 10-тармақтарында көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде алдағы тәулікке жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясының көлемін төлеуге ;

4) жартыжылдықта кемінде 1 рет өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізуге;

5) сатушыға өзінің атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және осы Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы дереу хабардар етуге;

6) сатушыны сатып алушының бірігуі, банкроттығы немесе таратылуы туралы дереу хабардар етуге;

7) Электр энергетикасы саласындағы заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруғаміндетті.

7. Сатушы:

1) Сатып алушыдан осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2) жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын тұтынудың тәуліктік графигін жабу үшін Сатып алушыдан сатылған электр энергиясы үшін ақы төлеуді талап етуге;

3) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес сатып алушының өзге де міндеттерін орындауды талап етуге ;

4) осы Шартты жасасуға, орындауға және бұзуға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге құқылы.

8. Сатып алушы:

1) сатушыдан осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2) егер Тараптар арасындағы жеткізілген электр энергиясының көлемі туралы келіспеушіліктерді реттеу қорытындылары бойынша сатып алушының сатушыға артық соманы төлеу фактісі анықталса, сатушыға болашақ төлемдерде тиесілі сомалардан артық төлем сомасын ұстап қалуға;

3) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес сатушының өзге де міндеттерін орындауды талап етуге;

4) осы Шартты жасасуға, орындауға және бұзуға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге құқылы.

5. Электр энергиясын төлеу

9. Сатушы сатып алушыға операциялық тәулікке сатқан электр энергиясы үшін төлемді жүйелік оператор электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік графигінбекіткеннен кейін, бірақ көтерме нарық қағидаларына сәйкес айқындалатын, сатушының электр энергиясын сатып алушыға сатуға арналған алдағы тәулік үшін айқындалған сағаттық бағалары негізінде операциялық тәуліктің сағат 12:00-ден (Астана уақыты бойынша) кешіктірмей Сатып алушы тәулік сайын (Қазақстан Республикасындағы демалыс және мереке күндерінен басқа)жүзеге асырады,

10. Сатылған электр энергиясы үшін түпкілікті есеп айырысуды Сатып алушы сатушы ұсынған қорларды бір жаққа босатуға арналған жүкқұжат, осы қорларды бір жаққа босатуға арналған жүкқұжаттың толық жазылуы және сатып алынған электр энергиясының көлемі үшін тиісті шот-фактура негізінде жүргізеді.

11. Осы Шарттың 10-тармағында көрсетілген төлемді Сатып алушы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша, есеп айырысу кезеңінен (күнтізбелік айдан) кейінгі айдың 45 (қырық бес) күнтізбелік күні ішінде, есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың)барлық тәулігіне жиынтық түрде есеп айырысу кезеңіне (күнтізбелік айға) қатысты электр энергиясын өндіру мен тұтынудың тәуліктік графиктерінежүйелік оператор бекіткен түзетулерді ескере отырып жүзеге асырады.

12. Сатып алушы қойылған шот-фактураның дұрыстығына дау айтқан кезде ол сатушыны алған күнінен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде хабардар етеді және сатушыға қарсылықтары баяндалған жазбаша өтініш береді. Сатып алушы осы Шарттың 11-тармағына сәйкес шот-фактураның даулы емес бөлігін төлеуге міндетті.

13. Алдыңғы есептік кезеңдер үшін берешек болған кезде, бірінші кезекте төлем осы Шарттың 11-тармағына сәйкес берешекті қоспағанда, осы берешекті өтеуге жіберіледі.

Есеп айырысу кезеңінің қорытындылары бойынша Сатушы өткізген электр энергиясы үшін сатып алушының артық төлем сомасы келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлемі ретінде қабылданады.

14. Сатып алушының төлемі осы Шартта көрсетілген деректемелер бойынша Сатушының ағымдағы шотына ақшаның тиісті көлемін есептеу арқылы жүзеге асырылады.

15. Шот-фактураны Сатушы Сатып алушыға тиісті есептік кезең аяқталған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірілмейтін мерзімде береді.

6. Тараптардың жауапкершілігі

16. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

17. Шот-фактура бойынша ол бойынша төлем мерзімі басталған кезде төлем алмаған сатушы төлем мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап төленбеген сомалар бойынша тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы. Мерзімі өткен сомалар бойынша Сатушы мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде, бірақ мерзімі өткен соманың 10 % (оннан) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

18. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

19. Осы Шарттың талаптары тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгертілуі және жазбаша нысанда ресімделуі мүмкін.

20. Сатып алушы электр энергиясын диспетчерлеуге, беруге және таратуға байланысты үшінші тұлғалардың әрекеттері үшін жауап бермейді.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл (сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту)

21. Тараптар осы Шарт бойынша Тараптардың өз міндеттемелерін орындауы барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл ісіндегі ынтымақтастық бойынша жауапкершілікті өзіне алады.

22. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, оның ішінде олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары:

1) осы Шарттың мәні бойынша жеке пайда алу мақсатында осы адамдардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей

немесе жанама түрде қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемеуге, төлеуге ұсынбауға және төлеуге рұқсат бермеуге;

2) сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтар, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасамауға;

3) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес олардың өкілеттіктері мен міндеттерінен туындайтын шараларды қабылдауға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған барлық жағдайлар туралы мәліметтерді дереу хабарлауға міндетті.

23. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

8. Форс-мажорлық мән-жайлар

24. Егер форс-мажорлық мән-жайлардың нәтижесі болып табылса, Тараптар осы Шарттың талаптарын орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.

25. Осы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін, Тараптардың бақылауына бағынбайтын, олардың қате есептелуіне немесе немқұрайлылығына байланысты емес және күтпеген сипаттағы оқиға Форс-мажорлық мән-жай деп танылады.

26. Сатып алушыда қандай да бір себептерге байланысты жеткілікті ақшаның болмауы форс-мажорлық мән-жай болып табылмайды және Сатып алушыны мерзімі өткен төлемдер үшін жауапкершіліктен босатпайды.

27. Форс-мажорлық мән-жайлардың әсеріне ұшыраған Тарап форс-мажорлық мән-жайлардың сипатын, туындау себептерін және олардың болжамды ұзақтығын көрсете отырып, олар туындаған кезден бастап күнтізбелік бұл туралы екінші Тарапқа 10 (он) күн ішінде негіздеуші құжаттарды ұсына отырып хабарлауға міндетті.

9. Дауларды шешу

28. Осы Шартқа жататын Тараптар арасында даулар туындаған жағдайда Тараптар дауды келіссөздер жолымен реттеуге күш салады.

29. Осы Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге тиіс.

30. Егер бір Тараптың екінші Тарапқа осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша негізделген талаптары болса, онда мұндай Тарап шағымның мәнін жазбаша түрде баяндайды, оған екінші Тарап шағымды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде дәлелді жауап беруге не шағымды жіберген Тараппен ескертулерді жою мерзімін келісуге тиіс.

31. Тараптардың әрқайсысы осы Шартты жасасуға, жарамдылығына, орындауға, өзгертуге, тоқтата тұруға және бұзуға байланысты дауды шешу, сондай-ақ осы Шартқа байланысты өзге де дауларды шешу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

32. Осы Шартты жасасуға, жарамдылығына, , орындауға, өзгертуге, тоқтата тұруға және бұзуға байланысты, сондай-ақ осы Шартпен өзгеше түрдебайланысты барлық даулар Сатып алушының орналасқан жері бойынша сотта қаралуға тиіс.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

33. Осы Шарт 20__ жылдан бастап күшіне енеді және 20 _____ жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болады, , ал өзара есеп айырысу бөлігінде Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейінқолданыста болады.

34. Егер Тараптардың ешқайсысы осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын осы Шарттың тоқтатылғаны туралы мәлімдемесе, осы Шарттың қолданылу мерзімі 1 (бір) күнтізбелік жылға ұзартылады.

11. Шартты өзгерту және тоқтату шарттары

35. Осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шарт Тараптармен келісу бойынша осы Шартқа қосымша келісім жасасу жолымен өзгертіледі.

36. Сатушы мен Сатып алушы арасында жасалған осы Шарт мынадай:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Сатып алушы таратылған және Сатып алушының Сатушы алдында берешегі болмаған;

2) мынадай барлық шарттар орындалған: Сатып алушы электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуды тоқтатқан және Сатып алушыны жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесінен тиісті түрде алып тастаған және Сатып алушының Сатушы алдында берешегі болмаған жағдайларда тоқтатылады.

12. Қорытынды ережелер

37. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда жасалған және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды болады.

38. Тараптар арасындағы барлық хат алмасу хаттардықағаз жеткізгіште жіберу арқылы жазбаша түрде жүргізілуге тиіс.

39. Осы Шарт қазақ және орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар, қағаз жеткізгіште екі данада не электрондық түрде жасалады.

40. Шарт Астана қаласында жасалды, екі Тарап қол қойды және Сатып алушы жасалған шарттар тізілімінде тіркеді.

13. Тараптардың деректемелері мен қолдары

Сатушы

Сатып алушы

(толық атауы)

(толық атауы немесе тегі, аты,
әкесінің аты)

Заңды мекенжайы:

Заңды мекенжайы:

Нақты мекенжайы:

Нақты мекенжайы:

Телефон/факс:	Телефон/факс:
_____	_____
_____	_____
Бизнес сәйкестендіру нөмірі:	Бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі:
_____	_____
_____	_____
Банктік сәйкестендіру коды:	Банктік сәйкестендіру коды:
_____	_____
_____	_____
Жеке сәйкестендіру коды:	Жеке сәйкестендіру коды:
_____	_____
_____	_____
(банктің атауы)	(банктің атауы)
_____	_____
(лауазымы)	(лауазымы)
_____	_____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) м.о. (бар болса)	(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) м.о. (бар болса)
	Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларына 5-қосымша

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктердің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағаларын айқындау тәртібі

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктердің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы былайша айқындалады:

1. Атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктердің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы атаулы қолдау алушылар тізіміндегі осы субъект үшін осы сағатқа көрсетілген электр энергиясын сатып алуға арналған бағаға теңестіріледі.

2. Гибридті топтың шартты тұтынушы және әкімшісі болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктердің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы (осы субъектінің сатып алу өтінімінде тәуліктің осы

сағатына көрсетілген электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең төменгі сағаттық көлемі бөлігінде) Қолдауға арналған тарифін айқындау қағидаларына сәйкес айқындалған осы сағат кіретін есептік кезеңдегі (күнтізбелік айда) энергия көздерін жаңартылатын энергия көздерін қолдау тарифінің болжамды мәніне теңестіріледі.

3. Шартты тұтынушы болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін алдағы тәуліктің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды бағасы (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алудың сағаттық көлемі бөлігінде осы субъектіні сатып алуға арналған өтінімде тәуліктің осы сағатына көрсетілген электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең төменгі сағаттық көлемінен жоғары) осы қосымшаның 5-тармағына сәйкес айқындалатын осы сағатқа арналған базалық бағаның болжамды мәніне теңестіріледі.

4. Жасыл энергияны тұтынушы болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктердің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы Қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес айқындалған осы сағат кіретін есептік кезеңге (күнтізбелік айға) арналған жасыл тарифтің болжамды мәніне теңестіріледі.

4-1. Инвестициялық тарифті алушы болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктердің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы Инвестициялық тариф қағидаларына сәйкес айқындалған осы сағат кіретін есептік кезеңге (күнтізбелік айға) арналған инвестициялық тарифтің болжамды мәніне теңестіріледі.

Бұл ретте, инвестициялық тарифті ұсыну басталған күннен бастап алғашқы екі ай ішінде электр энергиясын сатып алудың келесі тәуліктегі нақты сағатында сатуға арналған Бірыңғай сатып алушының болжамды бағасы осы сағаттағы базалық бағаның болжамды мәніне теңестіріледі

4-2. Үкіметаралық тарифті алушы болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы осы Қағидаларға сәйкес айқындалған осы сағат кіретін есептік кезеңге (күнтізбелік айға) арналған үкіметаралық тарифтің болжамды мәніне теңестіріледі.

Бұл ретте үкіметаралық тарифті беру басталған күннен бастап алғашқы екі айға үкіметаралық тарифті алушы болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының алдағы тәуліктің нақты сағатына электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы осы сағатқа арналған базалық бағаның болжамды мәніне теңестіріледі.

5. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының барлық басқа субъектілері үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатуға арналған алдағы тәуліктердің нақты сағатына болжамды бағасы осы сағаттың базалық бағасының болжамды мәніне теңестіріледі.

6. Базалық бағаның, жаңартылатын энергия көздерін қолдау тарифінің, жасыл тарифтің, инвестициялық тарифтің және үкіметаралық тарифтің болжамды мәндері бірыңғай электр энергиясын сатып алушы тарапынан алдағы есептік кезеңге (күнтізбелік айға) ай сайын есептеледі.

7. Алдағы есеп айырысу кезеңіне арналған базалық бағаның болжамды мәндері ағымдағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) алдындағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) сағаттарына базалық бағаның нақты мәндеріне теңестіріледі.

8. Алдағы есеп айырысу кезеңіне арналған жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифтің болжамды мәндері ағымдағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) алдындағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) сағаттарына жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифтің нақты мәндеріне теңестіріледі.

9. Алдағы есеп айырысу кезеңіне арналған жасыл тарифтің болжамды мәндері ағымдағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) алдындағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) сағаттарына жасыл тарифтің нақты мәндеріне теңестіріледі.

10. Алдағы есеп айырысу кезеңіне арналған инвестициялық тарифтің болжамды мәндері ағымдағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) алдындағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) сағаттарына инвестициялық тарифтің нақты мәндеріне теңестіріледі.

11. Алдағы есеп айырысу кезеңіне арналған үкіметаралық тарифтің болжамды мәндері ағымдағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) алдындағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) сағаттарына арналған үкіметаралық тарифтің нақты мәндеріне теңестіріледі.

Электр энергиясының көтерме
сауда нарығын ұйымдастыру
және оның жұмыс істеуі
қағидаларына 6-қосымша

Құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары кіретін энергия өндіруші ұйымдар үшін операциялық тәуліктің әрбір сағатына электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын басым сату көлемін есептеу тәртібі

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Электр энергиясын басым сату көлемін есептеу тәртібі (бұдан әрі – есептеу) мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$КҚК = P_{\text{мин}}^{(ЭӨҰ)} - P_{\text{өт}}^{(ЭӨҰ)} - |\delta| - P_{\text{ИК.ТМ}}^{(ЭӨҰ)} \text{ мұндағы}$$

КҚК

– басымдықпен сату көлемі, МВт-та (мыңнан бір бөлігіне дейін дөңгелектенеді);

$P_{\text{мин}}^{(ЭӨҰ)}$

– жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымның (бұдан әрі – ЭӨҰ станциясы) құрамына кіретін жылу электр орталығының генерациялайтын қондырғылардың (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының МВт-тағы жоспарлы ең жоғары мәні;

$P_{\text{өт}}^{(ЭӨҰ)}$

– электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген энергия өндіруші ұйымның өз тұтынуының электр қуатының тиісті жылдағы ең жоғары мәні (ол болған кезде), МВт-та;

РТМ – "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588 Заңының 15-4, 15-8-баптары бойынша пайдалануға берілетін және жылыту іріктемелері бар және күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станцияларының генерациялайтын қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні;

$|\delta|$

– модуль

$|\delta|$

, МВт-да;

δ

– модуль, МВт-да;

δ

– дельта, МВт, мына формула бойынша есептеледі:

$$\delta = \sum_{i=1}^n (P_{\text{атті}}^{(\text{ЭС})} + P_{\text{СН.ЭС.атті}}^{(\text{ЭС})}) - (P_{\text{мині}}^{(\text{ЭС})} + P_{\text{экспі}}^{(\text{ЭС})})$$

δ

– түзету, МВт;

$P_{\text{атті}}^{(\text{ЭС})}$

– энергия өндіруші ұйымның і-ші электр станциясының аттестатталған электр қуаты, МВт;

$P_{\text{СН.ЭС.атті}}^{(\text{ЭС})}$

– тиісті аттестаттау нәтижелері бойынша тіркелген энергия өндіруші ұйымның і-ші электр станцияларының өз мұқтаждарының электр қуаты, МВт-та;

$P_{\text{мині}}^{(\text{ЭС})}$

– генерациялайтын қондырғылардың (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) і-ші станцияларының ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні, МВт;

$P_{\text{экспі}}^{(\text{ЭС})}$

– энергия өндіруші ұйымның і-ші электр станциясының электр энергиясының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы шартта көрсетілген тиісті жылға арналған электр энергиясын экспорттаудың шекті қуаты, МВт;

Энергия өндіруші ұйым электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі, деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін телеметрия аспаптары болмаған кезде "Электр желілік қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы № 210 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10899 болып

тіркелген) (бұдан әрі – Электр желілік қағидалар) 191-тармағына сәйкес осы энергия өндіруші ұйымның паспорттық деректеріне сәйкес белгіленген қуаттың мәні қолданылады;

Егер (дельта) анықтаудың нәтижесінде оның мәні оң (нөлден артық) болса, онда (дельта) мәні нөлге теңестіріледі.

Егер көрсетілетін қызмет көлемін анықтау нәтижесінде оның мәні теріс болса, онда көрсетілетін қызмет көлемінің мәні нөлге теңестіріледі.

2. ЭӨҰ станцияларының генерациялаушы қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні мынадай формула бойынша айқындалады:

$$P_{\text{мин}}^{(\text{ЭӨҰ})} = \left(\sum_{i=1}^n P_{\text{мин.}i}^{(\text{ЖЭО})} \right), \text{ мұндағы}$$

$$P_{\text{мин}}^{(\text{ЭӨҰ})}$$

– ЭӨҰ станцияларының генерациялаушы қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні, МВт;

$$\sum_{i=1}^n$$

i бойынша сома;

$$i$$

– 1-ден n -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

$$n$$

– қолданыстағы энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін жылу электр орталықтарының жалпы саны;

$$P_{\text{мин.}i}^{(\text{ЖЭО})}$$

– генерациялайтын қондырғылардың (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні i -ші ЭӨҰ станциясы, МВт.

2-1. Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген энергия өндіруші ұйымның меншікті тұтынуының электр қуатының тиісті жылға арналған ең жоғары мәні мына формула бойынша есептеледі:

$$P_{\text{сп}}^{(\text{ЭВУ})} = \sum_{i=1}^n P_{\text{сп}i}^{(\text{ЭВУ})}$$

, мұнда

$$P_{\text{сп}}^{(\text{ЭВУ})}$$

– электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген энергия өндіруші ұйымның меншікті тұтынуының электр қуатының тиісті жылға арналған ең жоғары мәні МВт;

$$P_{\text{сп}i}^{(\text{ЭВУ})}$$

– электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген энергия өндіруші ұйымның i -ші электр станциясы меншікті тұтынуының электр қуатының тиісті жылға арналған ең жоғары мәні МВт-та;

i

бойынша сома;

i

– 1-ден n -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

n – қолданыстағы энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін жылу электр орталықтарының жалпы саны;

3. ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні формула бойынша айқындалады:

$$P_{\text{мин}}^{(\text{ЭӨҰ})} = \left(\sum_{i=1}^n P_{\text{мин}i}^{(\text{ЖЭО})} \right), \text{ мұндағы}$$

$$P_{\text{мин}}^{(\text{ЭӨҰ})}$$

– ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы

жоспарлы ең жоғары мәні, МВт;

$$\sum_{i=1}^n$$

J
бойынша сома;

j
– 1-ден m -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

m
– күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде жылыту іріктемелері бар және тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының жұмыс істеп тұрған генерациялайтын қондырғыларының жалпы саны;

$P_{\text{мин.гқ.}j}$
– ЭӨҰ станциясының j -генераторлық қондырғысының (оның жылу жүктемесінің берілген деңгейінде) минималды электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы максималды мәні, МВт.

4. ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының (оның жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні мынадай тәртіппен айқындалады:

1) айналымдағы суы бар ЭӨҰ станциясының жылу беру қуатының берілген берілген мәні тиісті жыл үшін ең жоғары есептеледі:

$$Q_{\text{айн}} = \frac{C * (t_{\text{тік}} - t_{\text{кері}}) * (G_{\text{цирк}} - G_{\text{толық}})}{1000} \text{ мұндағы}$$

$Q_{\text{айн}}$
– айналымдағы суы бар ЭӨҰ станциясының жылу босату қуатының тиісті жылдағы ең жоғары берілген мәні, Гкал/сағ;

C

– судың меншікті жылу сыйымдылығы 1,0 ккал/(кг*Сo);

$t_{\text{тік}}$

– өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің (соңғы) ең суық бес күніндегі сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес келетін ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық графигі бойынша тікелей судың температурасы оС Цельсий градусымен;

$t_{\text{кері}}$

– өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің (соңғы) ең суық бес күніндегі сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес келетін ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық кестесі бойынша кері судың температурасы оС Цельсий градусымен;

$G_{\text{цирк}}$

– ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық кестесі бойынша су айналымының ең жоғары мәні, тонна/сағ;

$G_{\text{толық}}$

– ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық кестесі бойынша қоректендіру мәні, тонна/сағ;

2) ЭӨҰ станциясының жылу беру қуатының берілген берілген ең жоғары мәні тиісті жыл үшін былайша есептеледі:

$$Q_{\text{толық}} = \frac{C * (t_{\text{тік}} - t_0) * G_{\text{толық}}}{1000} \text{ мұндағы}$$

$Q_{\text{толық}}$

– ЭӨҰ станциясының жылуды жіберудің қажетті қуатының тиісті жылдағы ең жоғары берілген мәні, Гкал / сағ;

C

– судың меншікті жылу сыйымдылығы 1,0 ккал/(кг*Сo);

$G_{\text{толық}}$

$t_{\text{тік}}$

– өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің (соңғы) ең суық бес күніндегі сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес келетін ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық кестесі бойынша тікелей судың температурасы оС Цельсий градусымен;

t_0

– өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің (соңғы) ең суық бес күніндегі сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес келетін бастапқы шикі судың температурасы Цельсий градусымен оС;

$G_{\text{ТОЛЫҚ}}$

– ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық кестесі бойынша қоректендіру мәні, тонна/сағ;

3) күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған, жылыту іріктемелері бар ЭӨҰ станциясының барлық жұмыс істеп тұрған генерациялаушы қондырғыларының тиісті жыл үшін берілген жылу жүктемесінің ең жоғары деңгейі есептеледі:

$$Q = Q_{\text{айн}} + Q_{\text{ТОЛЫҚ}} + Q_{\text{ТҰЩ}} + Q_{\text{ӨҚ}} + Q_{\text{бу}} - Q_{\text{ШСЫҚ}} - Q_{\text{РСҚ}}, \text{ мұндағы:}$$

Q

– жылыту іріктемелері бар және күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының барлық жұмыс істеп тұрған генерациялаушы қондырғыларының жылу жүктемесінің тиісті жыл үшін берілген ең жоғары деңгейі, Гкал/сағ;

$Q_{\text{айн}}$

– айналмалы суы бар ЭӨҰ станциясының жылуды босатудың қажетті қуатының тиісті жылдағы ең жоғары берілген мәні, Гкал/сағ;

$Q_{\text{ТОЛЫҚ}}$

– ЭӨҰ станциясының жылуды жіберудің қажетті қуатының тиісті жылдағы ең жоғары берілген мәні, Гкал/сағ;

$Q_{\text{ТҰЩ}}$ – ЭӨҰ станциясының бастапқы (теңіз) суын тұщыландыру үшін ЭӨҰ станциясының жылуын босату қуатының қажеттілігінің тиісті жылдағы ең жоғары белгіленген мәні, Гкал/сағ;

$Q_{\Theta\text{К}}$ – тиісті жыл үшін ЭӨҰ станциясының өз қажеттіліктеріне қажетті жылу шығыны қуатының берілген максималды мәні, Гкал/сағ;

$Q_{\text{бу}}$ – тұтынушыларға бу жібере отырып, ЭӨҰ станциясының қажетті жылу шығыны қуатының тиісті жыл үшін берілген ең жоғары мәні, Гкал/сағ;

$Q_{\text{ШСЫҚ}}$

– өткен күзгі-қысқы кезеңдердің (соңғы) бес күнінің ең суық бес күніндегі орташа жылу қуаты көрсетілген бес күн ішінде тұтынушыларды жылумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының ең жоғары су жылыту қазандықтары, Гкал/сағ;

$Q_{\text{РСҚ}}$

– өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің (соңғы) ең суық бес күндік көрсетілген бес күн ішінде тұтынушыларды жылумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының барлық редуциялық-салқындату қондырғыларының типтерінің орташа жылу қуаты, Гкал/сағ;

4) күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған (жылыту) жылыту іріктеуі (іріктеулері) бар және ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының жылу жүктемесінің берілген деңгейі (бұдан әрі – ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының жылу жүктемесінің берілген деңгейі) тиісті жыл үшін берілген ең жоғары деңгейі есептеледі:

$$Q_{\text{гу}} = Q_{\text{белг.ГҚ}} * \frac{Q_{(\text{ЖЭО})}}{Q_{\text{белг.ГҚ}}}, \text{ онда}$$

$Q_{\text{ГҚ}}$

– ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының жылу жүктемесінің берілген деңгейі, Гкал/сағ;

$Q_{\text{белг.ГҚ}}$

– күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған (жылыту) жылыту іріктемелері (іріктеулері) бар ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының Гкал/сағ белгіленген жылу қуаты;

Q

– жылыту іріктемелері бар және күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының барлық генерациялаушы қондырғыларының жылу жүктемесінің тиісті жыл үшін берілген ең

жоғары деңгейі, Гкал/сағ;

Q^(ЖЭО)
белг.ГҚ

– жылыту іріктемелері бар және күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станциясының барлық генерациялайтын қондырғыларының белгіленген жылу қуаты, Гкал/сағ

Егер ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының есептелген берілген жылу жүктемесінің деңгейі генерациялаушы қондырғының белгіленген жылу қуатынан асып кетсе, онда ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының берілген жылу жүктемесінің деңгейі оның белгіленген жылу қуатына тең болады. Бұл ретте көрсетілген асып кетудің көлемі мұндай асып кетпейтін ЭӨҰ станциясының басқа генерациялаушы қондырғылары арасында қайта бөлуге жатады. Қайта бөлудің негіздемесі Есептеуде көрсетіледі.

ЭӨҰ станциясының алдын ала қосылған генерациялаушы қондырғылары үшін осы тармақшаға сәйкес жүзеге асырылатын есептеулер қолданылмайды. Бұл ретте осындай генерациялайтын қондырғыларға осы тармақтың 5) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылатын есептеулер қолданылады;

5) осы қондырғыға сәйкес келетін тәуелділік кестесі бойынша ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының жылу жүктемесінің берілген деңгейінің негізінде осы генерациялаушы қондырғының (оның жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) МВт-дағы ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы тиісті жоспарлы ең жоғары мәні айқындалады.

ЭӨҰ станциясының алдын ала қосылған генерациялаушы қондырғысы үшін ең төменгі электр қуатының жоспарлы ең жоғары мәні ЭӨҰ станциясының алдын ала қосылған генерациялаушы қондырғысы бу қысымын төмендететін ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғыларының жылу жүктемесінің берілген деңгейлерінің сомасы негізінде тиісті тәуелділік кестесі бойынша айқындалады.

5. Есептеу осы Есеп нарық кеңесінің оң қорытындысын алған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Бұл ретте Нарық кеңесі электр станциялары бойынша бөлуде есептеу бойынша энергия өндіруші ұйымдардың қорытындысын ұсынады.

6. Құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары кіретін энергия өндіруші ұйымдар үшін операциялық тәулікке электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын басым сатудың шекті көлемін есептеу

1. Параметрлері.

P/c	Параметрлері***		
			Гцирк

№	ЭӨҰ станциясының атауы *	торт(5) оС	ттік оС	ткері оС	тонна/сағ
1	2	3	4	5	6
1					
2					
3					

Кестенің жалғасы

Гтолық тонна/сағ	Қайнал Гкал/сағ	t0 оС	Qтолық Гкал/сағ	Qшсық Гкал/сағ	Qрск Гкал/сағ	Qtұщ, Гкал/сағ	Qөк, Гкал/сағ	Qбу, Гкал/сағ	Q Гкал/сағ
7	8	9	10	11	12	13	14	15	16

Ескертпе:

МВт – мегаватт;

Гкал/сағ – сағатына гигакалорий;

* – кесте параметрлерінің сандық мәндері оннан бір бөлігіне дейін көрсетіледі;

** – жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін жылу электр орталығы (бұдан әрі – ЭӨҰ станциясы);

*** – параметрлер үшін мынадай белгілер қолданылады:

торт(5) – өткен бес күзгі-қысқы кезеңдегі (соңғы) ең суық бес күндік сыртқы ауаның орташа температурасы, оС Цельсий градусымен;

ттік – өткен бес күзгі-қысқы кезеңдегі (соңғы) ең суық бес күндік сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес келетін ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық графигі бойынша тікелей судың температурасы, оС Цельсий градусымен;

ткері – өткен бес күзгі-қысқы кезеңдегі (соңғы) ең суық бес күндік сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес келетін ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық графигі бойынша кері судың температурасы, оС Цельсий градусымен;

Гцирк – ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық графигі бойынша су айналымының ең көп мәні, тонна/сағ;

Гтолық – ЭӨҰ станциясының қолданыстағы температуралық графигі бойынша толықтырудың мәні, тонна/сағ;

Қайнал – айналма суы бар ЭӨҰ станциясының жылу беру қуатының тиісті жылдағы берілген ең көп мәні, Гкал/сағ;

t0 - өткен бес күзгі-қысқы кезеңдегі (соңғы) ең суық бес күндік сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес келетін бастапқы шикі судың температурасы, оС Цельсий градусымен;

Qтолық – толықтыруы бар ЭӨҰ станциясының жылу берудің қажетті қуатының тиісті жылдағы берілген ең көп мәні, Гкал/сағ;

Qшсық – өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің (соңғы) ең суық бес күндік үшін ЭӨҰ станциясының көрсетілген бес күндік ішінде тұтынушыларды жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге тартылған ең жоғары су жылыту қазандықтарының орташа жылу қуаты, Гкал/сағ;

Qрсқ – өткен күзгі-қысқы кезеңдегі (соңғы) ең суық бес күндік үшін ЭӨҰ станциясының көрсетілген бескүндік ішінде тұтынушыларды жылумен қамтамасыз етуге тартылған редуциялық-салқындатқыш қондырғыларының барлық типтерінің орташа жылу қуаты, Гкал/сағ;

Q – жылыту іріктеуі бар және күзгі-қысқы кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтауды қамтуға қатыстырылған ЭӨҰ станциясының жұмыс істеп тұрған барлық генерациялайтын қондырғыларының тиісті жылдағы жылу жүктемесінің берілген ең көп деңгейі, Гкал/сағ.

2-кесте*						
р/с№	ЭӨҰ станциясы ГҚ атауы**	Параметрлері***				
		Q _{белг.гқ} , Гкал/сағ	Q _{ЖЭО белг.гқ} , Гкал/сағ	Q _{гқ} , Гкал/сағ	P _{мин.гқ} , МВт	P _{ЖЭО мин.} , МВт
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
3						

Ескертпе:

МВт-мегаватт;

Гкал / сағ-сағатына гигакалория;

* – жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін әрбір жылу электр орталығы бойынша жеке толтырылады, бұл ретте кесте параметрлерінің сандық мәндері оннан онға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

** – жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымның (бұдан әрі – ЭӨҰ станциясы) құрамына кіретін, (жылыту) жылыту іріктемелері (іріктеу) бар және күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған жылу электр орталығын генерациялайтын қондырғы;

*** – параметрлер үшін мынадай белгілер қолданылады:

Q_{белг.гқ}

– күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған (жылыту) жылыту іріктемелері (іріктеулері) бар ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының Гкал/сағ белгіленген жылу қуаты;

Q_{ЖЭО белг.гқ}

– күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен қамтамасыз етуге тартылған және жылыту іріктемелері бар ЭӨҰ станциясының барлық генерациялайтын қондырғыларының белгіленген жылу қуаты Гкал/сағ.

$Q_{гқ}$

– күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған (жылыту) жылыту іріктеуі (іріктеулері) бар ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының жылу жүктемесінің тиісті жыл үшін берілген ең жоғары деңгейі Гкал / сағ;

$P_{мин.гқ}$

– ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысының (оның жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні, МВт-та;

$P_{мин.гқ}$

– ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні, МВт-та.

3-кесте

р/с№	ЖЭО атауы**	Параметрлері***			
		$P_{мин. ЖЭО}$ МВт	$P_{мин. ЭӨҰ}$ МВт	$P_{өт. ЭӨҰ}$ МВт	КҚК МВт
1	2	3	4	5	6
1					
2					
3					

Ескерту:

МВт-мегаватт;

Гкал / сағ-сағатына гигакалория;

* – кесте параметрлерінің сандық мәндері оннан бір бөлігіне дейін көрсетіледі;

** – қолданыстағы энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін жылу электр орталығы;

*** – параметрлер үшін мынадай белгілер қолданылады:

$P_{мин}^{(ЖЭО)}$

– ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні, МВт-та;

$P_{\text{мин}}^{(\text{ЭӨҰ})}$,

– ЭӨҰ станцияларының генерациялаушы қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) ең төменгі электр қуатының тиісті жылдағы жоспарлы ең жоғары мәні, МВт-та;

$P_{\text{өт}}^{(\text{ЭӨҰ})}$

– энергия өндіруші ұйымның і-ші электр станциясының электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген энергия өндіруші ұйымның өз тұтынуының электр қуатының тиісті жылдағы ең жоғары мәні МВт-та;

КҚК,

– құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары кіретін энергия өндіруші ұйымдар үшін операциялық тәулікке электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын басым сату көлемі МВт-қа.

2. Осы есепте көрсетілген барлық генерациялаушы қондырғылардың тәуелділік кестелері (есептеуге қоса беріледі).

Бұл ретте әрбір тәуелділік графигіне осы график бойынша әрбір көрсетілген кадамды егжей-тегжейлі негіздей отырып, тиісті генерациялаушы қондырғының (оның жылу жүктемесінің берілген деңгейінде) ең төменгі электр қуатының тәуелділігін айқындау процесінің кадамдық сипаттамасы қоса беріледі.

Егер ЭӨҰ станциясының генерациялаушы қондырғысында бірнеше бу іріктеуі болған жағдайда, осы тармақта көрсетілген процестің кезең-кезеңімен сипаттамасында іріктеулер арасында будың бөлінуін есептеуде пайдаланылатын негіздеме де көрсетіледі.

Егер есептеу графигін пайдалану үшін іріктеулерден алынған бу энтальпияларының мәндерін пайдалана отырып аралық есептеулер пайдаланылған жағдайда, осы тармақта көрсетілген процестің кадамдық сипаттамасында қолданылған формулалар мен пайдаланылған бастапқы деректердің егжей-тегжейлі сипаттамасы бар осы есептеулер де көрсетіледі.

3. Жергілікті атқарушы органмен келісілген алдағы күзгі-қысқы кезеңге арналған температуралық кестелер, қолданыстағы энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін осы есепте көрсетілген барлық жылу электр орталықтары (есепке қоса беріледі).

4. Осы есепте көрсетілген барлық генерациялаушы қондырғылардың паспорттық деректерінің көшірмелері (есепке қоса беріледі).

5. Растайтын құжаттар (есепке қоса беріледі):

1) өткен күзгі-қысқы кезеңдердің (соңғы) әрқайсысының ең суық бес күндік күндері (күндері);

2) өткен бес күзгі-қысқы кезеңдердің әрқайсысының ең суық бес күндік орташа мәні (соңғы) осы есепте көрсетілген ең жоғары су жылыту қазандықтарының және осы бес күн ішінде тұтынушыларды жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге тартылған ЭӨҰ станцияларының редуциялық-салқындату қондырғыларының барлық түрлерінің жылу қуаттылығының мәндері;

3) өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің әрқайсысының ең суық бес күндік орташа мәні (соңғы) сыртқы ауа температурасының мәндері;

4) өткен бес күзгі-қысқы кезеңнің әрқайсысының ең суық бес күндік орташа мәні (соңғы) бастапқы шикі су температурасының мәндері.

6. Есептеулердің қадамдық сипаттамасы (Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) бекітілген Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларында көрсетілген формулалар бойынша), олардың нәтижелері бойынша осы есептің 1, 2 және 3-кестелерінде көрсетілген параметрлердің мәндері айқындалған (есептеуге қоса беріледі).

Электр энергиясының көтерме
сауда нарығын ұйымдастыру
және оның жұмыс істеуі
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Сатып алуға өтінім. Сатуға өтінім

Жіберуші	01:00	МВт*	13:00	МВт*
	02:00	МВт*	14:00	МВт*
Контрагент	03:00	МВт*	15:00	МВт*
	04:00	МВт*	16:00	МВт*
Операция	05:00	МВт*	17:00	МВт*
	06:00	МВт*	18:00	МВт*
	07:00	МВт*	19:00	МВт*
	08:00	МВт*	20:00	МВт*
	09:00	МВт*	21:00	МВт*
	10:00	МВт*	22:00	МВт*

11:00	МВт*	23:00	МВт*
12:00	МВт*	24:00	МВт*

Ескертпе:

* мәндері мыңға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі

Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларына 8-қосымша

Тәуліктердің нақты сағатына базалық бағаның нақты мәнін есептеу тәртібі

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Тәуліктің нақты сағатына арналған базалық бағаның нақты мәні, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз, мынадай формула бойынша айқындалады:

